

«Самұрық-Қазына» жылжымайтын мүлік қоры» АҚ
Директорлар кеңесінің 2017 жылғы «07» желтоқсан
№128 шешіміне қосымша

«Самұрық-Қазына» жылжымайтын
мүлік қоры» АҚ
тұрақты дамуы саласындағы 2016
жылғы есеп

Мазмұны

БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫНЫҢ ҮНДЕУІ.....	3
ТҰРАҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ ЕСЕП ТУРАЛЫ	4
ЖЫЛЖЫМАЙТЫН МҮЛІК ҚОРЫ ТУРАЛЫ.....	6
Меншікті капитал.....	6
ЖЫЛЖЫМАЙТЫН МҮЛІК ҚОРЫ ҚЫЗМЕТІНІҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ ЖӘНЕ ҚҰРЫЛЫМЫ 8	
ТҰРАҚТЫ ДАМУҒА ТӘСІЛДЕМЕМІЗ.....	9
Тәуекелдерді басқару жүйесі	10
Анықталған аспектілердің материалдылық матрицасы	11
МҮДДЕЛІ ТАРАПТАРМЕН ӨЗАРА ӘРЕКЕТТЕСУ	13
ЭТИКАЛЫҚ МЕНЕДЖМЕНТ ЖҮЙЕСІ.....	17
Алаяқтық және сыбайлас жемқорлық фактілерінің алдын алу	17
ЖАУАПТЫ ЖЕТКІЗІЛІМ ТІЗБЕГІ	20
Компанияның тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді сатып алу құрылымы	21
ТҰРАҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ БАСТАМАЛАР	23
ЭКОНОМИКАЛЫҚ ТИІМДІЛІК	25
Негізгі қаржылық көрсеткіштер	25
Қаржылық орнықтылықтың негізгі көрсеткіштері.....	26
Бөлінген экономикалық құн.....	27
Мемлекеттің қаржылық қолдауы.....	27
ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ	28
АДАМИ РЕСУРСТАРДЫ ЖӘНЕ ЕҢБЕК ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТАРЫН ДАМУ	29
Қызметкерлерді басқарудың 2016 жылғы сапалы көрсеткіштері:	30
Қызметкерлердің сипаттамасы	31
Қызметкерлердің құрылымы.....	32
Еңбекақы төлеу.....	33
Қызметкерлерге төлемдер	33
ЕҢБЕКТІ ҚОРҒАУ ЖӘНЕ ҚАУІПСІЗДІК ТЕХНИКАСЫ	35
Қызметкерлердің қанағаттанушылық индексі	35
ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПКЕРШІЛІК.....	37
Демеушілік және қайырымдылық	37
АЛҒЫС ҮНДЕУ	39
1-қосымша	40
2-қосымша	48

БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫНЫҢ ҮНДЕУІ

Құрметті оқырмандар!

«Самұрық-Қазына» жылжымайтын мүлік қоры» АҚ тұрақты дамуы саласындағы 2016 жылғы есепті назарыңызға ұсынуға қуаныштымыз. Бұл Жалғыз акционердің болжалдарына сәйкес жасалған тұрақты даму саласындағы есептілікті қамтамасыз ету бойынша бірінші қадамымыз. Болашақта біз Компанияның экономикалық, экологиялық және әлеуметтік бағыттардағы қызметі туралы мәліметтерді ашатын осындай есептілікті жыл сайын шығаруды жоспарлап отырмыз.

Жылжымайтын мүлік қоры, қоғамның тұрақты дамуына үлесі үшін жауапкершілігін түсіне отырып, тараптардың көптігі алдында әлеуметтік-жауапты мінез-құлық бойынша ерікті міндеттемелерді қабылдайды. Компания өзінің әлеуметтік міндеттерін тұрақты орындайды, инвестициялық жобаларды іске асырады және жеке инвесторлар үшін адал серіктес болып табылады.

Жылжымайтын мүлік қорының даму стратегиясы Қазақстан Республикасының құрылыс саласын және жылжымайтын мүлік нарығын дамытуға көмектесуге бағытталған Жылжымайтын мүлік қорының Миссиясымен тығыз байланысты Компанияның ұзақ мерзімді болашаққа арналған мақсаттарын қамтиды. Жылжымайтын мүлік қорының қызметі әлеуметтік бағдарланған сипатта және халықты тұрғын үймен қамтамасыз ету проблемасын шешуді көздейді.

Жылжымайтын мүлік қоры еңбек ұжымында теңгерімді кадр саясатын жүргізу және қызметкерлердің еңбек жағдайларын қамтамасыз ету бойынша іс-шараларды орындау негізінде әлеуметтік тұрақтылықты және жағымды моральдық-психологиялық ахуалды қамтамасыз етуге тырысатынын атап өту қажет. Осылайша, 2016 жылғы қорытындылары бойынша қызметкерлерді жұмылдыру индексі 85%-ға жетті, 2015 жылмен салыстырғанда 19%-ға өсті. Оң нәтижелер қызметкерлер тиімділігінің дәрежесін және Компанияның болашақтағы жетістіктерін айқындайтын факторлар болып табылады.

Еліміздің экономикасына және әлеуметтік тұрақтылықты қамтамасыз етуге зор үлес қосылуда. Жылжымайтын мүлік қоры жобаларды іске асыру кезінде қатысатын өңірлерде жаңа жұмыс орындарын ашады және өңірлердің экономикалық өсуіне жәрдемдеседі. 2010-2015 жылдары құрылыс объектілерінде 15 мыңнан астам, 2016 жылы 3,5 мыңнан астам жұмыс орындары ашылды.

2017 жылға алдымызда тұрақты даму саласында жаңа бастамаларды іске асыру бойынша әр мақсаттар тұр. Біз корпоративтік Даму стратегиясын өзектендіру, корпоративтік басқаруды одан әрі жетілдіру, тұрақты даму жүйесін жүйелі түрде ендіру, кадр әлеуетін дамыту және қызметкерлердің тұрақты даму саласындағы біліктілігін арттыру бойынша жұмыс жүргізуді жоспарлап отырмыз.

Жылжымайтын мүлік қоры тұрақты дамудың басымдықтарын ескере отырып, тиімділікті арттыруға, қаржылық тұрақтылықты және экономикалық тиімділікті қамтамасыз етуге, қызметкерлердің қанағаттанушылық және қатысу деңгейін көтеруге және қоршаған ортаға әсерді бағалау бойынша қажетті зерттеулерді жүргізуге тырысады.

***Басқарма төрағасы
Жетпісбай Арман Шәріпбайұлы***

ТҰРАҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ ЕСЕП ТУРАЛЫ

«Самұрық-Қазына» жылжымайтын мүлік қоры» АҚ (бұдан әрі – Жылжымайтын мүлік қоры, Компания) тұрақты даму саласындағы 2016 жылғы есепті (бұдан әрі – Тұрақты даму туралы есеп, Есеп) ұсынып отыр. Есеп Жылжымайтын мүлік қорының тұрақты даму саласындағы қызметі мен нәтижелерін көрсетеді.

Компанияның www.fnsk.kz интернет-ресурсында орналасқан 2009-2015 жж. кезең ішіндегі тұрақты даму саласындағы мәселелер Жылжымайтын мүлік қорының Жылдық есептер құрамына енгізілді. Жылжымайтын мүлік қорының тұрақты даму саласындағы 2016 жылғы есебі Компанияның тұрақты даму туралы бірінші жеке есебі болып табылады және Компания қаржылық емес есепті жыл сайын жариялау ітәжірибесін одан әрі жалғастыруды жоспарлап отыр.

Тұрақты даму туралы есеп Тұрақты даму саласындағы есептілік жөніндегі нұсқаулықтың негізгі нұсқасына (GRI G4) сәйкес және ISO26000:2012 стандартының ережелерін (Әлеуметтік жауапкершілік жөніндегі нұсқаулық) ескере отырып дайындалды. Есептілікті дайындау қағидаттарын пайдалану, GRI стандартты элементтерінің индекстері 1-қосымшада және 2-қосымшада көрсетілді.

Есептің мақсатты аудиториясы Жалғыз акционерді, қызметкерлерді, сатып алушыларды және жалгерлерді, қаржы институттары, мемлекеттік органдарды, әлеуметтік желілер пайдаланушыларын, бас мердігерлерді және Компанияның тең инвесторларын қоса алғанда, Жылжымайтын мүлік қорының мүдделі тараптарының көптілігі болып табылады.


Жылжымайтын мүлік қорында ақпаратты 46-бетте «Байланысушы тұлға» тармағында көрсетілген телефон және электрондық пошта арқылы қабылдауды қоса алғанда, Тұрақты даму саласындағы есепті қалыптастыру бойынша кері байланысты алу арналары жұмыс істейді. 2016 жылғы Есепті дайындаған кезде, Компания жеке көрсеткіштер және Есептілік бойынша жаһандық бастаманың Тұрақты даму саласындағы есептілік жөніндегі нұсқаулықтың төртінші нұсқасында көзделген тәсілге сәйкес орындалған тұрақты даму аспектілері бойынша маңыздылықты талдау нәтижелеріне бағдарланған.

Есептің мазмұнын айқындау үшін Жылжымайтын мүлік қоры қызметінің негізгі аспектілерінің маңыздылығын бағалау рәсімі әзірленіп іске асырылды.

Тұрақты даму туралы есептің мазмұнын айқындау қағидаттары:

- маңыздылық;
- мүдделі тараптарды қамту;
- мәнмәтін;
- толықтық;
- теңгерімділік;
- салыстырмалылық;
- нақтылық;
- уақыттылылық;
- айқындық;
- сенімділік;

Талап етілген «(1) анықтау – (2) басымдылықты белгілеу – (3) дұрыстығын растау – (4) қайта қарау» GRI G4 схемасын іске асыру барысында Есепті дайындау кезінде ең маңызды болып белгіленген маңызды аспектілердің тізбесін айқындау бойынша сауалнама жүргізілді. Нысандары барлық стейкхолдерлерге жолданды.



Толтырылған нысандар негізінде мүдделі тараптармен өзара әрекеттесу нәтижелерін талдауды және шетел және ұлттық компаниялар есептерінің бенчмаркингін ескере отырып, анықталған аспектілер маңыздылығының матрицасы жасалды.

Маңызды тақырыптар мен тиісті көрсеткіштер белгіленген кезде БҰҰ Жаһандық шартының, G4 тұрақты даму саласындағы есептілік жөніндегі нұсқаулықтың ережелері, корпоративтік әлеуметтік жаупкершілік (КӘЖ) және тұрақты даму саласындағы халықаралық стандарттар, сондай-ақ Компанияның мүдделі тараптарымен өзара әрекеттесу мазмұнына жасалған талдау ескерілді.

Балы ең жоғары аспектілер маңызды болып танылды. Маңызды аспектілер Есепте толық көрсетілді, яғни олар бойынша менеджмент саласындағы тәсілдер және нәтижеліліктің көрсеткіштері туралы мәліметтер көрсетілді.

Есепте Жылжымайтын мүлік қорының барлық неғұрлым маңызды әсерлерін сипаттауға мүмкіндік беретін маңызды аспектілер бойынша ақпаратты ашу шегі белгіленді.

Осы есеп сыртқы растаудан өтпеді.

Есеп қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде бірдей жарияланады. Құжатпен Жылжымайтын мүлік қорының интернет-ресурсында танысуға болады.

Жылжымайтын мүлік қорының тұрақты дамуы саласындағы 2016 жылғы есепте Компанияның 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап 31 желтоқсанға дейінгі негізгі экономикалық, әлеуметтік және экологиялық қызметі көрсетілді. Есеп барлық құрылымдық бөлімшелерді қоса алғанда, Жылжымайтын мүлік қорының қызметін қамтиды.

Компанияның даму динамикасын көрсету, бұдан әрі тұрақты даму саласындағы есептіліктің сабақтастығын және деректердің салыстырмалылығын қамтамасыз ету мақсатында есепте кейбір көрсеткіштер екі жылдық және үш жылдық динамикада келтірілді. Сондай-ақ Есепте ақпаратты мүмкіндігінше толық көрсету үшін есеп беру кезеңіне дейін болған оқиғалар аталуы мүмкін.

Экономикалық нәтижелілік бөлігінде құжат ХҚЕС стандарттары бойынша шоғырландырылған қаржылық есептіліктің 2016 жылғы 12 айдағы деректері негізінде дайындалған.


ЖЫЛЖЫМАЙТЫН МҮЛІК ҚОРЫ ТУРАЛЫ

«Самұрық-Қазына» жылжымайтын мүлік қоры» акционерлік қоғамы «Жылжымайтын мүлік нарығындағы проблемаларды шешу бойынша кейбір шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 6 наурыздағы №265 қаулысына сәйкес құрылды. «Самұрық-Қазына» жылжымайтын мүлік қоры» АҚ мемлекеттік тұрғын үй бағдарламаларының операторы болып табылады. Жылжымайтын мүлік қорының қызметі Қазақстан Республикасында тұрғын үй құрылысын дамытуға мақсатталған.¹

Жылжымайтын мүлік қоры Жарғыға сәйкес келесі функцияларды жүзеге асырады:

- тұрғын және коммерциялық үй-жайлар түрінде жаңа активтерді құру;
- құрылыс объектілерін қаржыландыру, құрылысы аяқталған немесе салынып жатқан жылжымайтын объектілерде тұрғын және тұрғын емес (коммерциялық) үй-жайларды сатып алу;
- жылжымайтын мүлікті басқаруды қамтамасыз ету (жалға беру, соның ішінде сатып алу құқығымен жалға беру, жылжымайтын мүлікті сату, пайдалану, ұстау және жөндеу бойынша жұмыстарды ұйымдастыру және т.б.);
- жылжымайтын мүлік нарығын қолдау бойынша шараларды мониторингілеу;
- тұрғын үй нарығындағы бағаларды тұрақтандыруға көмектесу;
- инвестициялық қызметті жүзеге асыру, соның ішінде Қазақстан Республикасының ішкі нарығына инвестицияларды тарту;
- кредиттерді (қарыздарды) ақылылық, жеделдік және қайтарымдылық шарттармен ақшалай беру.

Меншікті капитал



¹ 2017 жылы Жылжымайтын мүлік қоры 2018-2027 жылдарға арналған даму стратегиясын бекітті, оның басты ережелерімен Жылжымайтын мүлік қорының https://fnsk.kz/rus/about/fond_nedvizhimosti/fn_zavtra/ интернет-ресурсында танысуға болады.

Жылжымайтын мүлік қорының жарғылық капиталын толығымен Жалғыз акционер төледі және жарғылық капитал 16 247 541 жай акциядан тұрады, соның ішінде:

- 15 000 000 дана - номиналды құны 1 000 теңгеден
- 1 247 540 дана - номиналды құны 4 000 теңгеден
- бір акция - номиналды құны 2.490 теңге

Жылжымайтын мүлік қорының қосымша төленген капиталы Жалғыз акционерден алған қаражат сомасы мен оның әділ құнының айырмасы болып табылады.

Сату үшін қолда бар қайта бағалау резерві сату үшін қолда бар қаржы активтерінің әділ құнында болатын өзгерістерді көрсету үшін пайдаланылады.

Есеп беру кезеңінің соңындағы жағдай бойынша Компанияның штат саны 72 адамды, тізімдік саны 68 адамды құрайды. Жылжымайтын мүлік қорының құрылымдық бөлімшелерінің жалпы саны – 16.

«Самұрық-Қазына» жылжымайтын мүлік қоры» АҚ мекенжайы: Астана қ., Мәңгілік ел, 10. Жылжымайтын мүлік қорының Өкілдігі Алматы қ., Райымбек даңғылы, 481В мекенжайында орналасқан.

Толық ақпарат Жылжымайтын мүлік қорының 2016 жылғы Жылдық есебінде орналасқан.

ЖЫЛЖЫМАЙТЫН МҮЛІК ҚОРЫ ҚЫЗМЕТІНІҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ ЖӘНЕ ҚҰРЫЛЫМЫ

Жылжымайтын мүлік қоры өз қызметін республиканың бүкіл аумағында, атап айтқанда Астана, Атырау, Қарағанды, Қызылорда, Тараз, Өскемен, Шымкент, Ақтау, Ақтөбе, Алматы қалаларында және Алматы облысында жүзеге асырады. Компанияның қызметі Қазақстан Республикасында тұрғын үй құрылысы бөлігіндегі мәселелерді шешуге бағытталған.

Жылжымайтын мүлік қоры Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 31 желтоқсандағы №922 қаулысымен бекітілген «Нұрлы жер» тұрғын үй құрылысы бағдарламасының мынадай бағыттары бойынша операторы болып табылады:

- Жалға берілетін тұрғын үй (бұдан бұрын – Өңірлерді дамытудың 2020 жылға дейінгі бағдарламасы)
- Коммерциялық тұрғын үй (бұдан бұрын - «Нұрлы жол» мемлекеттік бағдарламасы)

Толық ақпарат Жылжымайтын мүлік қорының 2016 жылғы Жылдық есебінде және www.fnsk.kz интернет-ресурсында орналасқан.

ТҰРАҚТЫ ДАМУҒА ТӘСІЛДЕМЕМІЗ

Жылжымайтын мүлік қорының тұрақты даму жүйесі тұрақты даму қағидаттарын енгізуге және жауапты бизнесті жүргізуге біртұтас әдісті құру мақсатында әзірленген. Жүйе тұрақты даму қағидаттарын ішкі құжаттармен регламенттеу, әлеуметтік, экономикалық және экологиялық салалардағы тұрақты даму саласында тәуекелдерді айқындау, стейкхолдерлерді белгілеу және мүдделі тараптармен диалог құру, мақсаттарды белгілеу, тұрақты даму саласында жоспарды әзірлеу және іс-шараларды мониторингілеу, лауазымды тұлғалар мен қызметкерлердің тұрақты даму саласында біліктілігін арттыру.

Компания корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік және тұрақты даму саласында мынадай ішкі нормативтік құжаттарды басшылыққа алады:

- Корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік саласындағы саясат;²
- Экологиялық саясат;
- Еңбек қорғау және өндірістік қауіпсіздік;
- Корпоративтік басқару кодексі;
- Сатып алу қағидалары.

Жылжымайтын мүлік қорының тұрақты даму және корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік саласындағы қызметі үздік тәжірибеге, халықаралық стандарттар мен қағидаттарға негізделген және келесіні:

- Жаһандық шарттың 10 қағидатын;
- ISO14001 экологиялық менеджмент жүйесіне қойылған талаптарды қамтитын Халықаралық стандарттардың ережелерін;
- (Global Reporting Initiative, GRI) Есептілік бойынша жаһандық бастаманың және SASB халықаралық стандарттарының тұжырымдамасын;
- ISO 26000:2012 Әлеуметтік жауапкершілік бойынша халықаралық стандарттың ережелерін;
- Өнеркәсіптік қауіпсіздік және еңбекті қорғау менеджменті жүйелерін әзірлеу және енгізу бойынша нұсқауларды қамтитын OHSAS 18001 Халықаралық стандарттар ережелерін;
- ISO 9001 сапа менеджменті жүйесі бойынша халықаралық стандарттың ережелерін қамтиды.

Жылжымайтын мүлік қорының тұрақты даму саласындағы бағыттары:

- Жауапты іскерлік тәжірибені енгізу;
- Адами ресурстарды және еңбек қатынастарын дамыту;
- Экологиялық әсерді басқару;
- Әлеуметтік бағдарланған қызмет.

Жылжымайтын мүлік қорының басқару органдары мен құрылымдық бөлімшелері заңнамаға және ішкі нормативтік құжаттарға сәйкес өзінің функционалдық міндеттері шегінде тұрақты дамудың әртүрлі аспектілері бойынша саясатты әзірлеуге және іске асыруға жауапты.

Жылжымайтын мүлік қоры ішкі құжаттар мен стандарттарды уақытылы өзектендіру, үздік тәжірибелерге, заңнаманың және Жалғыз акционердің талаптарына сәйкес жаңа саясаттар мен рәсімдерді енгізу бойынша шаралар қабылдайды.

2016 жылы Жылжымайтын мүлік қоры мынадай құжаттарды:

² 2017 жылы Жылжымайтын мүлік қорының тұрақты дамуы бойынша саясат бекітілді, осыған байланысты Корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік саласындағы саясат, Экологиялық саясат және Еңбекті қорғау және өндірістік қауіпсіздік саласындағы саясат маңыздылығынан айырылды.

- Ақпаратты ашу саясатын;
- Алаяқтық пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-әрекет саясаты;
- Тұрақты даму жүйесін жетілдіру бойынша 2016-2018 жылдарға арналған орта мерзімді жоспарды;
- Негізгі лауазымдарға сабақтастық жоспарын;
- Қызметкерлерді кәсіби оқыту және дамыту қағидаларының жаңа редакциясын бекітті.

Келесі ішкі құжаттарға:

- «Самұрық-Қазына» жылжымайтын мүлік қоры» АҚ Жарғысына;
- Еншілес ұйымдардың Бизнес-жоспарын әзірлеу, келісу, бекіту және орындалуын мониторингілеу тәртібіне;
- Ішкі нормативтік құжаттарды әзірлеу, бекіту, оларға өзгерістер және/немесе толықтырулар енгізу және олардың қолданысын тоқтату тәртібіне;
- Интернет-сайттың сапасын бағалау рәсімін жүргізу жөніндегі нұсқаулыққа;
- Ішкі бақылау жүйесінің әдістемесіне;
- Тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді сатып алуды ұйымдастыру және жүргізу нұсқаулығына өзгерістер мен толықтырулар енгізілді.

Тәуекелдерді басқару жүйесі

Жылжымайтын мүлік қоры тәуекелдерді басқарудың ұзақ мерзімді қаржылық тұрақтылыққа және дамуға жағдай жасайтын негізгі элементі ретіндегі маңыздылығын түсінеді. Тәуекелдерді басқару жүйесі уақытылы сәйкестендіруге, маңызды тәуекелдерді бағалауға және мониторингілеуге, сондай-ақ Компанияның құнына және беделіне теріс ықпал тигізуі мүмкін тәуекелдер деңгейін төмендетуге бағытталған корпоративтік басқару жүйесінің негізгі компоненттерінің бірі болып табылады. Әлеуетті қауіптерді төмендету және бизнестің тұрақты дамуын қамтамасыз ету мақсатында Жылжымайтын мүлік қорында тәуекелдерді басқару жүйесі құрылды. Басшылыққа тәуекелдердің сол немесе басқа түрлерінің әсерін анықтауға, өлшеуге, бақылауға және барынша азайтуға мүмкіндік беретін тиімді рәсімдер мен тәуекелдерді басқарудың пәрменді тетігі арқылы ықтимал залалдарды азайту (болдырмау) арқылы активтер мен капиталдың максималды сақталуын қамтамасыз ету Жылжымайтын мүлік қорында тәуекелдерді басқарудың басты мақсаты болып табылады.

Жылжымайтын мүлік қорында Тәуекелдерді басқару саясаты тәуекелдерді басқарудың корпоративтік жүйесінің пайымын, мақсаттарын және міндеттерін көрсететін негізгі құжат болып табылады. Тәуекелдерді басқару саясаты тәуекелдерді басқару құрылымын, тәуекелдерді басқару жүйесінің негізгі компоненттерін айқындайды, тәуекелдерді басқару процесін жүзеге асыру кезінде жүйелі және ретті тәсілді қамтамасыз етеді.

Жылжымайтын мүлік қорында тәуекелдерді басқару қорғаудың үш бағыты бойынша құрылған:

- Қорғаудың бірінші бағыты – Компанияның Директорлар кеңесі және Басқармасы;
- Қорғаудың екінші бағыты – Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау басқармасы, Тәуекелдерді басқару жөніндегі комитет және құрылымдық бөлімшелер;
- Қорғаудың үшінші бағыты – Ішкі аудит қызметі.

Тәуекелдерді басқару шараларын жүзеге асыру тұрақты негізде жетілдіріліп тұратын келесі ішкі саясаттармен, рәсімдермен және бизнес-процестермен реттеледі:

- Тәуекелдерді басқару саясаты;
- Құрылымдық бөлімшелердің тәуекелдерді басқарудың корпоративтік жүйесі шеңберінде өзара әрекеттесу қағидалары;
- Өтімділіктер айырылу тәуекелін басқару қағидалары;
- Тәуекелдерді сәйкестендіру және бағалау қағидалары;
- Сақтандыру қорғауды ұйымдастыру қағидалары;
- Тұрғын үй құрылысы жобаларын іріктеу және қарау қағидалары;
- Тұрғын үй құрылысы жобаларын жеке құрылысшыларды қолдау тетігі шеңберінде іріктеу және қарау қағидалары;
- Директорлар кеңесінің шешімен бекітілген Ішкі бақылау жүйесі туралы ереже;
- Жобалық тәуекелдерді бағалау әдістемесі.

Тәуекелдерді басқару процесін Компанияны операциялық және стратегиялық басқаруға ендіру құралдары ретінде 2016 жылдан бастап басшы қызметкерлердің Қызметтің негізгі көрсеткіштерінің карталарына (ҚНК) тәуекелдерді басқару сапасын көрсететін көрсеткішті енгізеді. Компанияның Басқармасы негізгі тәуекелдер көрсеткіштерін тәуекелдерді әлеуетті іске асыру индикаторлары ретінде ай сайын талдайды.

Жылжымайтын мүлік қоры Қоршаған ортаға келеңсіз әсер ету тәуекелін төмендету, еңбек қауіпсіздігін арттыру – Компания іске асыруға жоспарлап отырған тұрақты даму саласындағы басымды мақсаттардың бірі деп санайды.

Анықталған аспектілердің материалдылық матрицасы

Жылжымайтын мүлік қоры өзінің қызметі процесінде олармен өзара әрекеттесуді жүзеге асыратын, қосқан үлесі мен мүдделерін сипаттай отырып, әлеуетті стейкхолдерлердің толық тізбесін белгілейді. Мүдделі тараптардың маңыздылығын бағалау кезінде Компания үшін маңыздылығы бойынша стейкхолдерлерге саралау екі фактор бойынша жүргізіледі: мүдделі тараптың Жылжымайтын мүлік қорына әсер ету күші және стейкхолдердің Жылжымайтын мүлік қорының қызметінде мүдделілік дәрежесі.

Тұрақты даму бойынша 2016 жылғы есепті қалыптастыру және Тұрақты даму саясатын әзірлеу процесінде Жылжымайтын мүлік қоры мүдделі тараптарға маңызды аспектілердің тізбесін айқындау бойынша сауалнама жүргізді. Сауалнама нысандары стейкхолдерлердің барлық топтарына жолданды. Жылжымайтын мүлік қорының әлеуметтік желілерді пайдаланушыларының пікірлерін жедел және тиімді жинау мақсатында Компанияның интернет-ресурсында маңызды аспектілер бойынша сауалнама орналастырылды.

Тұрақты даму жөніндегі есептің маңызды аспектілерін айқындау тәсілдері:

- Стейкхолдерлердің әрбір тобына маңыздылық негізінде белгіленген салмақ айқындалды;
- Әрбір аспект бойынша стейкхолдерлердің әрбір тобынан алынған жауаптар орташа арифметикалық мәнге келтірілді;
- Алынған орташа арифметикалық мән стейкхолдерлер тобының салмағына көбейтілді және аспектінің әрқайсысы бойынша жалпы балл шығарылды;
- Мәндер бес балдық шкала бойынша қойылды. 3.5 мәнінен асқан көрсеткіштер маңызды болып танылып, Тұрақты даму жөніндегі 2016 жылғы есепте ашуға белгіленді.


Сапалы талдау және сандық бағалау жүргізу мақсатында Жылжымайтын мүлік қоры 2017 жылы бірінші рет айқындалған аспектілердің материалдылық матрицасы дайындалды, онда олардың стейкхолдерлер үшін маңыздылығына сәйкес көрсеткіштер орналастырылды.

Матрицаның көлденеңінен аспектілер Жылжымайтын мүлік қоры үшін маңыздылық дәрежесіне қарай, ал тік мүдделі тараптардың бағаларына қарай сараланады.

Маңызды аспектілерді саралау стейкхолдерлердің басымдықтарын айқын түсіну негізінде олармен өзара әрекеттесуді сандарлы қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Көрсеткіштерге жасалған талдау негізінде аспектілер бір біріне тәуелді. Осылайша, материалдылық матрицасы есептілікті қалыптастыру үшін тек қана база емес бизнес-процестерді дамыту және есептілік пен Жылжымайтын мүлік қорының тұрақты даму саласындағы бар саясаттарын қайта қарау үшін құрал да болып табылады. Тұрақты даму туралы есепте компания және мүдделі тараптар үшін маңызды аспектілер қаралатынын ескере отырып, Есеп басқару органдарының және мүдделі тараптардың бағалауы және шешім қабылдауы үшін негіз болады.

Материалдық матрицасы



3

1. Экономикалық нәтижелілік
2. Экологиялық талаптарға сәйкестік
3. Денсаулық және жұмыс орнында қауіпсіздік
4. Даярлық пен білім

³ «Экономикалық» санатының аспектілерін белгілеу үшін қызыл түс, «Экологиялық» санатының аспектілерін белгілеу үшін жасыл түс, ал «Әлеуметтік» аспектілерін белгілеу үшін сары түс пайдаланылды.

5. Өртүрлілік және тең мүмкіндіктер
6. Әйелдер мен ерлер үшін тең сыйақы
7. Кемсітушілікке жол бермеу
8. Қауіпсіздікті қамтамасыз ету тәжірибелері
9. Адам құқықтары мәселелеріне қатысты инвестициялар
10. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл
11. Заңнамалық және нормативтік талаптарға сәйкестік
12. Тұтынушының денсаулығы мен қауіпсіздігі
13. Өнімдер мен қызметтерді ұсынуға және пайдалануға қатысты заңнамалық және нормативтік талаптарға сәйкестік
14. Маркетингтік коммуникациялар
15. Тұтынушының жеке өміріне қол сұқпаушылық

МҮДДЕЛІ ТАРАПТАРМЕН ӨЗАРА ӘРЕКЕТТЕСУ

Мүдделі тараптардың басты топтары төменде көрсетілген құжаттарды қоса алғанда, Компанияның бірқатар нормативтік құжаттарында:

- Корпоративтік басқару кодексінде;
- Іскерлік әдеп кодексінде;
- Стейкхолдерлер картасында белгіленді.

Мүдделі тараптармен өзара әрекеттесу процесі Компанияны басқарудың барлық деңгейлерінде жүзеге асырылады. Стейкхолдерлермен өзара әрекеттесуді басқару жүйесінің тиімділік деңгейі ұзақ мерзімді құндылықты құру, стратегиялық мақсаттарға қол жеткізу және Жылжымайтын мүлік қорының жағымды беделін қалыптастыру үшін маңызды фактор болып табылады. Жылжымайтын мүлік қоры барлық тараптардың мүдделерін құрметтеу, тұрақты байланыс жасау, өз қызметінің басты аспектілері туралы уақытылы ақпараттандыру, сондай-ақ қабылданған міндеттемелерді жауапты орындау қағидатын сақтай отырып, өзінің стейкхолдерлерімен өзара әрекеттеседі.

Жылжымайтын мүлік қоры стейкхолдерлердің әрбір тобымен диалог құру үшін нәтижелі құрал болып табылатын өзара әрекеттесу тетіктерін белгіледі.

Жылжымайтын мүлік қоры 2016 жылы өзара әрекеттесу қорытындылары бойынша стейкхолдерлердің келесі топтарын және олармен өзара әрекеттесу әдістерін белгіледі:

Мүдделі тараптар	Өзара әрекеттесу әдістері мен тетіктері
Жалғыз акционер	<ul style="list-style-type: none"> • Басқарушылық есептер • Қаржылық есептер • Жылдық есеп • Кездесулер • Интернет-сайт • Хат алмасу мен сұрау салулар
Қызметкерлер (персонал)	<ul style="list-style-type: none"> • Басшылардың қызметкерлермен кездесулері • Тренингтер мен семинарлар • Сауалнама жүргізу және сұрақ-жауап жинағы • Қызметкерлердің жұмылдырылуына талдау • Нәтижелілікті жыл сайын шолу • Корпоративтік БАҚ
«СК Девелопмент» ЖШС	<ul style="list-style-type: none"> • Басқарушылық есептер

«ЖМҚ Менеджмент» ЖШС	<ul style="list-style-type: none"> • Қаржылық есептер • Кездесулер • Қатысушылардың жалпы жиналысы
Тең-инвесторлар	<ul style="list-style-type: none"> • Шарттар • Іскерлік серіктестермен және жеткізушілермен кездесулер • Конференциялар мен іс-шараларға қатысу
Бас мердігерлер	
Жеткізушілер	<ul style="list-style-type: none"> • Шарттар • Сатып алулар ережелері және өткізілетін сатып алулар туралы ақпарат • Жеткізушілердің өтініштерін қарау
Сатып алушылар/жалгерлер	<ul style="list-style-type: none"> • Жалға алу / сатып алу құқығымен жалға алу/сату шарттары
	<ul style="list-style-type: none"> • Клиенттердің қанағаттануын шолу
Бұқаралық ақпарат құралдары (БАҚ)	<ul style="list-style-type: none"> • Интернет-сайт • Баспасөз хабарламалары, баспасөз конференциялары мен брифингтер • Жылдық есеп • Конференциялар мен саммиттер
Әлеуметтік желілерді пайдаланушылар	
Жергілікті атқарушы органдар	<ul style="list-style-type: none"> • Хат алмасу мен сұрау салулар • Мемлекеттік органдармен заңнамалық және нормативтік реттеу мәселелері жөнінде жұмыс • Жұмыс топтарына, форумдарға, конференцияларға қатысу
Мемлекеттік органдар	
Қаржы институттары	<ul style="list-style-type: none"> • Шарттар • Ақшалай қаражатты қаржы институттарында орналастыру

Компания ашықтық қағидатын ұстанады және инвесторлар мен мүдделі тараптар үшін қызығушылық тудыратын ақпаратты ашады.


2016 жылы жалғыз акционердің референттік үлгісіне сәйкес Жылжымайтын мүлік қоры Ақпаратты ашу саясатын бекітті. Ақпаратты ашу және қорғау барлық бизнес-процестерге енгізілді. Компания интернет-ресурста ашылатын есептілік пен ақпараттың саналы деңгейін көтеруге тырысады.

Жылжымайтын мүлік қоры стейкхолдерлердің әр қайсысымен өзара әрекеттесу әдістерін табу үшін Жылжымайтын мүлік қорының ортасы туралы ақпаратты жүйелендіруге және көзбен шолуға арналған Стейкхолдерлер карталарын жыл сайын қайта қарайды.

Әсер ету және мүдделілік параметрлеріне қарай саралау қорытындылары бойынша стейкхолдерлер тобы мынадай сегменттердің біріне жатқызылады:

- Жылжымайтын мүлік қоры қызметін қадағалауы (мониторинг жүргізуі) тиіс мүдделі тараптар;
- Жылжымайтын мүлік қоры өзінің процестеріне тартуы тиіс мүдделі тараптар;
- Жылжымайтын мүлік қоры олармен коммуникацияны ұстауы тиіс мүдделі тараптар;
- Жылжымайтын мүлік қоры мүдделеріне сәйкес келуді жалғастыруы тиіс мүдделі тараптар.

Жылжымайтын мүлік қоры стейкхолдерларының картасы



ЭТИКАЛЫҚ МЕНЕДЖМЕНТ ЖҮЙЕСІ

Жылжымайтын мүлік қоры Халықаралық еңбек ұйымының конвенциясында, Жалпыға бірдей адам құқықтары декларациясында және БҰҰ жаһандық шартында бекітілген қағидаттарды қолдайды және осы салада басқару жүйесін құру үшін әдістемелік негіз ретінде қолданады. Компанияның әдепке және адам құқықтарын сақтауға қатысты позициясы белгіленген негізгі құжат Іскерлік әдеп кодексі болып табылады ⁴.

Кодексте Компанияның басты бағдарлары мен құндылықтары, мүдделі тараптармен өзара әрекеттесу, Компанияның беделі мен мүдделерін қорғау, қабылданған ережелер мен стандарттарды бұзудың алдын алу саласындағы әдістер мен принциптер көрсетілген. Кодекстің ережелерін енгізу бойынша іс-шаралар Компанияның барлық қызметкерлерін қамтыды: 2016 жылы екі бейімделу тренингі өткізілді. Жұмысқа қабылдау кезінде барлық қызметкерлер міндетті түрде Іскерлік әдеп кодексінің ережелерімен танысады.

Компанияның корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік және тұрақты даму саласындағы қызметінің бағыттары ISO 26000:2012 халықаралық стандартына сәйкес аспектілерді қамтиды.

2017-2018 жылдары Іскерлік әдеп кодексін Корпоративтік басқару кодексінің және дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу және одан көп пайызы «Самұрық-Қазына» АҚ-ға тікелей немесе жанама түрде тиесілі заңды тұлғаларда корпоративтік басқаруды диагностикалау әдістемесінің талаптарына сәйкес өзектендіру жөнінде бірқатар іс-шаралар белгіленді. Сонымен қатар қызметкерлерді тестілеу және олардың Компанияның ережелері және құндылықтары туралы білімдерін және корпоративтік құндылықтарға берілгендігін бағалау бойынша жұмыс жалғасады.

Жылжымайтын мүлік қоры өз қызметінде адам құқықтарын мүлтіксіз сақтайды. Жылжымайтын мүлік қоры қызметкерді ұлтына, жынысына, тегіне, жасына және өзге де негіздер бойынша кемсітуге жол бермейді, өзінің құқықтары мен мүдделерін қорғау үшін қоғамдық бірлестіктер мен ұйымдарды құруға қызметкердің құқығын мойындайды, байырғы және саны аз халықтар тұратын аумақтарда өндірістік қызметті ұйымдастырған кезде олардың құқықтарын сақтауға кепілдік береді.

Жылжымайтын мүлік қоры өз қызметінде де және корпоративтік құжаттар мен мониторингілеу және бақылау тетіктерін әзірлеу және енгізу арқылы серіктестердің қызметінде де адам құқықтарын сақтауға жәрдемдеседі, сондай-ақ Компанияда адам құқықтарын бұзушылықтарға мерзімді талдау жүргізеді.

2016 жылы қызметкерлерді құқықтық аспектілер бойынша оқытудың жалпы сағат саны 104 сағатты, оқытылған қызметкерлер үлесі 27% құрады. Есеп беру кезеңінде Қоғамда қызметкерлерді қандай да бір негіз бойынша кемсіту жағдайларына жол берілген жоқ.

Алаяқтық және сыбайлас жемқорлық фактілерінің алдын алу

Жылжымайтын мүлік қоры алаяқтық пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұрып, тиісті заңнамалық нормаларды сақтау бойынша міндеттемелерді қабылдады. Компания Жылжымайтын мүлік қоры Директорлар кеңесі 2016 жылғы 29 желтоқсандағы №114

⁴ Жылжымайтын мүлік қорының Іскерлік әдеп кодексімен Компанияның: https://fnsk.kz/rus/about/prozrachnost/principy_fonda_nedvizhimosti/kodeks_etika/ сайтында танысуға болады.

шешімімен бекітілген Алаяқтыққа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясатын қолдайды.

Қызметкерлермен жасалған шарттарға және жұмысқа жалдаумен, орналасумен және жаңа қызметкерлердің жұмысқа бейімделуімен байланысты ішкі құжаттарға сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметке қатысты міндеттемелер бөлігінде өзгерістер енгізілді.

2016 жылы Жылжымайтын мүлік қорында ақпараттық жүйеден құпия ақпараттың сыртқа жайылып кетуін болдырмау бойынша DLP (Data Leak Prevention) жүйесі орнатылды. DLP-жүйесі қорғалатын ақпараттық жүйенің периметрін кесіп өтетін деректер ағынын талдауға негізделген. Детектірлеу кезінде сол құпия ақпарат ағынында белсенді компоненттік жүйе қосылады және хабарламаның (пакеттің, ағындының, сессияның) жіберілуі шектеледі. Бұл жүйе ақпаратты сыртқы және ішкі қауіптерден қорғау үшін енгізіледі.

Кез келген қызметкердің, мердігер ұйымының немесе қызметі Жылжымайтын мүлік қорымен байланысты басқа тұлғалардың әрекеттерінің заңдылығы күмән тудырған жағдайда, Компанияның әрбір қызметкері немесе кез келген үшінші тұлға Компания басшыларын ақпараттандыруға құқылы. Ақпаратты электрондық поштаға жіберуге немесе Компанияның www.fnsk.kz интернет-ресурсында орналасқан сенім телефоны арқылы хабарлауға болады.

Белсенді азаматтық позиция қалыптастыру және «Самұрық-Қазына» АҚ портфельдік компаниялары қызметкерлері арасында сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілікті арттыру мақсатында 2016 жылы жедел желі құрылды. Жедел желі қызметкерлер немесе үшінші тұлғалар мәселелерді қозғала алатын немесе қызметкерлер не бизнес-серіктестер заңнаманы, құқықтық нормаларды, ішкі саясатты немесе әдепті бұзғаны туралы хабарлай алатын құпия және қауіпсіз тәсілді қамтамасыз етеді. Жедел желінің 8 800 080 19 94 жеке телефон нөмірі, sk.hotline@deloitte.kz электрондық поштаның арнайы мекенжайы бар, байланыс қызметтерін тәуелсіз провайдер ұсынады. Желі тәулік бойы, аптасына жеті күн қолжетімді. Хабарламалардың құпиялығы мен жасырын болуына кепілдік беріледі.

Жылжымайтын мүлік қорында сыбайлас жемқорлықты болдырмау бойынша қызмет мынадай құжаттарда:

- Іскерлік әдеп кодексінде;
- Мүдделер қақтығысын болдырмау және реттеу туралы ережеде;
- Алаяқтық, теріс пайдаланушылық және өзге де заңға қарсы әрекеттер туралы ықтимал немесе белгілі болған фактілер туралы хабарламалармен жұмыс жасау саясатында;
- Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясатында;
- Қауіпсіздік туралы ережеде;
- Коммерциялық және өзге заңмен қорғалатын құпия туралы ережеде;
- Ақпараттық қауіпсіздік саясатында регламенттеледі.

Компания Қауіпсіздік қызметінің қызметкерлерін тарта отырып, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет, сыбайлас жемқорлықтың және алаяқтықтың алдын алу және қарсы іс-қимыл жасау мәселелері жөнінде бірқатар тренингтер мен семинарлар өткізді. Кездесу барысында «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы №410-V Заңының, Бастамашылықпен ақпараттандыру саясатының (Жылжымайтын мүлік қорының Директорлар кеңесі бекіткен) және «Нұр Отан» ХДП Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі 2015-2020 жылдарға арналған бағдарламасының талаптары қысқаша талқыланды. Қоғам қызметкерлеріне осы Заңның сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл және Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатын іске асыру саласындағы

қоғамдық қатынастарды реттейтін ережелері жеткізілді. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық субъектілері, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жасау бойынша жалпы және арнайы шаралар, оларды сақтау бойынша бақылау тетіктері талқыланды және бұзушылықтар орын алған жағдайда қолданылатын санкциялардың нақты мысалдары келтірілді.

Жылжымайтын мүлік қоры сыбайлас жемқорлықтың көріністерін болдырмау және олардың алдын алу бойынша барлық қажетті шараларды қабылдайтынын атап өту жөн, сондай-ақ Қоғам қызметкерлері арасында сондай жағымсыз құбылыстардың алдын алу бойынша мақсатты жұмысты тұрақты түрде жүргізеді.

Жылжымайтын мүлік қоры мен құрылыс салушы компаниялар арасында сыбайлас жемқорлыққа және өзге де құқық бұзушылықтарға қарсы іс-қимыл саласында ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылғанын ерекше атап өту қажет.

Корпоративтік қауіпсіздік бөлімшелерінің қызметкерлерін Жылжымайтын мүлік қорының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл, адам құқықтары мен бостандығын сақтау саласындағы саясаттарын және нақты рәсімдерін, сондай-ақ Іскерлік әдеп кодексінің талаптарын оқытуға жұмылдыру үлесі 2016 жылы 100%-ға жетті. Бұдан былай қызметкерлер сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясаты бойынша оқытылады және олармен тренингтер жүргізіледі.

2016 жылы Жылжымайтын мүлік қорының жылжымайтын мүлігін иеленген немесе тікелей сату, жалға алу немесе сатып алу құқығымен жалға алу шарттары негізінде пайдалануға алған сатып алушылардың және жалгерлердің мәліметтері бойынша ақпаратқа қатысты деректердің жайылып кетуі, ұрлануы немесе жоғалуы болмаған.

ЖАУАПТЫ ЖЕТКІЗІЛІМ ТІЗБЕГІ

Сатып алуларды жүзеге асыру туралы шешім Компанияның бекітілген бюджетіне және сатып алу жоспарына сәйкес Жылжымайтын мүлік қорының тауарларға, жұмыстарға және қызметтерге қажеттілігі негізінде қабылданады.

Жылжымайтын мүлік қорының сатып алу қызметі «Самұрық-Қазына» АҚ Директорлар кеңесінің 2016 жылғы 28 қаңтардағы шешімімен бекітілген (№126 хаттама) «Самұрық-Қазына» АҚ және дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы меншік немесе сенімгерлікпен басқару құқығымен тікелей не жанама түрде «Самұрық-Қазына» АҚ-ға тиесілі ұйымдардың тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді сатып алу қағидаларына және «Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасының 2016 жылғы 18 сәуірдегі №12/16 шешімімен бекітілген «Самұрық-Қазына» АҚ және дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы меншік немесе сенімгерлікпен басқару құқығымен тікелей не жанама түрде «Самұрық-Қазына» АҚ-ға тиесілі ұйымдардың тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді электрондық сатып алу жөніндегі нұсқаулыққа сәйкес жүргізіледі.

Жылжымайтын мүлік қорының сатып алу қызметіндегі басты мақсаты – Компанияның тұрақты жұмыс істеуі және Компанияның ресурстарды сатып алудың оңтайлы жағдайларымен жарғылық мақсаттарға қол жеткізуі үшін ресурстарға қажеттілікті уақытылы, тиімді және толығымен қамтамасыз ету.

Сатып алу рәсімдерін ұйымдастыруға және жүргізуге Жылжымайтын мүлік қорының Әкімшілік-шаруашылық департаменті жауапты.

Жылжымайтын мүлік қорының сатып алу қызметінің басымдықтары:

- «Самұрық-Қазына» АҚ Компаниялар тобының Мүгедектер ұйымдарының тізіліміне кіретін мүгедектер ұйымдарынан тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді сатып алу;
- «Самұрық-Қазына» АҚ Компаниялар тобының Тауар өндірушілер тізіліміне кіретін сатып алынатын тауар өндірушілерден тауарларды сатып алу;
- Сатып алуларды білікті әлеуетті жеткізушілер арасында жүзеге асыру.


Жылжымайтын мүлік қорында жеткізушіні таңдау мынадай жолмен жүзеге асырылады:

- ашық тендер өткізу (соның ішінде бағасы төмендейтін ашық тендер тәсілімен);
- баға ұсыныстарына сұрау салу (соның ішінде бағасы төмендейтін ашық тендер тәсілімен);
- бір көзден сатып алу.

Жергілікті жеткізушілерден сатып алуға жұмсалатын сатып алу бюджетінің үлесі 2014 және 2016 жылы 100% құрады. 2015 жылы импорттық сатып алулар үлесі сатып алулардың жалпы көлемінен 0,09 % құрады.

	Сатып алу тәсілі ^{5*} , сома мың теңгемен						
Жыл	АТТЭ	АТЭ	АТ	БК	БҰЭ	Резидент-тер	Резидент-тер емес
2014	21 199	7 519 317	1 409 408	536 947	20 589	9 899 507	0,00
2015	166 946	7 583 430	1 801 454	298 106	14 317	9 855 583	8 670,00
2016	121 718	12 447 035	0,00	415 748	34 420	13 018 922	0,00

**Тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді жеткізу бойынша
контрагенттердің жалпы саны**



Компанияның тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді сатып алу құрылымы

⁵ Сатып алу тәсілдерінің қысқартылған сөздерінің ашып жазылуы:


АТТЭ - бағасы төмендейтін ашық тендер тәсілімен жүргізілетін электрондық сатып алулар

АТЭ - ашық тендер тәсілімен жүргізілетін электрондық сатып алулар

АТ - ашық тендер тәсілімен жүргізілетін сатып алулар

ОИ – бір көзден сатып алу тәсілімен жүргізілетін сатып алу

БҰЭ – баға ұсыныстарына сұрау салу тәсілімен жүргізілетін сатып алулар



Жылжымайтын мүлік қорының жеткізушілермен өзара әрекеттесуі ұзақ мерзімді, өзара тиімді қатынастарды дамытуға бағытталған.

Ашық тендер және баға ұсыныстарына сұрау салу тәсілдерімен жүргізілетін сатып алу рәсімдері <http://tender.sk.kz> веб-сайтында, Электрондық сатып алудың ақпараттық жүйесінде жүргізіледі.

Тауардың/жұмыс орындаудың құны, сапасы, жеткізу мерзімі, контрагенттің тиісті бағытта жұмыстарды орындау/қызмет көрсету бойынша тиісті техникалық және кадр ресурстарының, қажетті тәжірибесінің бар болуы бөлігінде сенімділігі тауарлардың, жұмыстардың және қызметтердің контрагенттерін таңдау кезінде негізгі өлшемшарттар болып табылады.

Сатып алудың қолданылатын тәсілдері және контрагенттермен өзара әрекеттесу тәсілдері мыналарға:

- сатып алу процесінің жариялылығы мен ашықтығына;
- сатып алуларға жұмсалатын ақшаны оңтайлы және тиімді жұмсауға;
- сапалы тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді сатып алуға;
- барлық әлеуетті жеткізушілерге «Самұрық-Қазына» АҚ Компаниялар тобының Мүгедектер ұйымдарының тізіліміне кіретін мүгедектер ұйымдарына қолдау көрсеткен жағдайда, сатып алу процесіне қатысуға тең мүмкіндіктер беруге;
- әлеуетті жеткізушілер арасында адал бәсекелестікке;
- топішілік кооперацияны дамыту мақсатында «Самұрық-Қазына» АҚ Компаниялар тобына кіретін ұйымдар арасында сатып алуларда көмек көрсету;
- қабылданатын шешімдер үшін бақылау мен жауапкершілікке;
- сатып алу процесіне делдалдардың қатысуын барында азайтуға қол жеткізуге мүмкіндік береді.

ТҰРАҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ БАСТАМАЛАР

Бастама	Бастаманы іске асыру
Корпоративтік басқаруды жетілдіру	<ul style="list-style-type: none"> • корпоративтік басқару кодексінің ережелерін енгізу; • Корпоративтік басқару жүйесін жетілдіру бойынша іс-шараларды орындау.
Экономикалық тиімділікті қамтамасыз ету	<ul style="list-style-type: none"> • Қызметтің стратегиялық негізгі көрсеткіштерін орындау; • Компанияның бизнес-жоспарын іске асыру.
Тұрақты жаму жүйесін ендіру	<ul style="list-style-type: none"> • Тұрақты даму қағидаттарын ендіру; • Ішкі нормативтік құжаттарды өзектендіру; • Стейкхолдерлер картасын өзектендіру; • Мүдделі тараптардың Жылжымайтын мүлік қорының ақпаратты ашуы үшін маңызды аспектілер жөнінде пікірлерін жинау; • Анықталған аспектілердің маңыздылық матрицасын айқындау; • Тұрақты даму саласындағы мақсаттарды бекіту; • Маңызды аспектілерді қамтитын Тұрақты даму жөніндегі саясатты бекіту; • Тәуекелдер тізіліміне тұрақты даму саласындағы тәуекелдерді енгізу және еңбекті қорғауға және қауіпсіздік техникасына теріс әсер етуі мүмкін қауіпті оқиғалардың тәуекелдерін бағалау; • Халықаралық бастамаларға қосылу.
Кадр әлеуетін дамыту	<ul style="list-style-type: none"> • Кадр резервін қалыптастыру және дамыту жоспарын әзірлеу және бекіту; • HR процестерін Жалғыз акционердің референстік процестеріне сәйкес келтіру; • Кадр саясатын өзектендіру.
Жоғары этикалық стандарттарды сақтау	<ul style="list-style-type: none"> • Қызметкерлердің Іскерлік әдеп кодексі бойынша ақпараттылығын арттыру және корпоративтік мәдениетті жетілдіру бойынша іс-шараларды жүзеге асыру.
Қызметкерлердің тұрақты	<ul style="list-style-type: none"> • Компания менеджментін және қызметкерлерді тұрақты

даму саласындағы біліктілігін арттыру	даму саласында оқыту.
Еңбекті қорғаудың және қауіпсіздік техникасының сақталуын қамтамасыз ету	<ul style="list-style-type: none"> • Компания қызметкерлеріне қауіпсіздік техникасы және еңбекті қорғау жөнінде нұсқама беру.
Ашықтық деңгейін арттыру	<ul style="list-style-type: none"> • Ақпаратты ашу тәртібінің ережелерін іске асыру; • Барлық мүдделі тараптарға ақпаратты міндетті түрде ашу.

ЭКОНОМИКАЛЫҚ ТИІМДІЛІК⁶


Жылжымайтын мүлік қоры қызметінің экономикалық құрамдас бөлігі Компания үшін де мемлекет үшін де маңызды, және акционерлер мен инвесторлар үшін ұзақ мерзімді құндылықтың өсуіне бағытталған.

Жылжымайтын мүлік қоры салық және бюджетке алымдар төлеу, сондай-ақ қазақстандық өндірушілерден тауарларды, жабдықтарды сатып алу жолымен мемлекеттің дамуына жәрдемдеседі. Жылжымайтын мүлік қорының қаржылық және операциялық көрсеткіштерге қол жеткізуі тұрақты даму қағидаттарына қайшы келмейді.

Компанияның қызметі өңірде еңбек өнімділігін арттыру, кедейлік деңгейін төмендету, халықтың тұрғын үйлерге қолжетімділігін арттыру, жаңа жұмыс орындарын ашу және өңірдің инвестициялық тартымдылығын арттыру арқылы қатысатын өңірлерді дамытуға бағытталады.

Жылжымайтын мүлік қорының тиімділігін арттырудың негізі факторлары инвестициялар мен табыстылықты басқару, мемлекеттік тұрғын үй құрылысы бағдарламаларын және акционерлік құнды көбейту бойынша бастаманы табысты іске асыру болып табылады.

Негізгі қаржылық көрсеткіштер



Жылжымайтын мүлік қорының 2016 жылғы таза кірісі 4,089 млрд теңгені құрады. Таза кірістің динамикасы Компания қызметінің құрылыс саласын қаржыландыру ерекшелігімен (оған ұзақ өндірістік цикл тән) байланысты кезеңділігін көрсетеді.

2016 жылы 2015 жылмен салыстырғанда таза кірістің 179%-ға көбеюіне байланысты, ROACE көрсеткіші 2015 жылмен салыстырғанда 64%-ға көтерілді.


⁶ Экономикалық тиімділік бөлімінде құжат ХҚЕС бойынша дайындалған 2016 жылдың 12 айы үшін шоғырландырылған қаржылық есептілік негізінде және Жылжымайтын мүлік қорының басқарушылық есептіліктерінің негізінде құрылған.

EBITDA margin 2016 жылдың соңына 41,57% құрады. Операциялық кірістердің өсуіне, сондай-ақ ОАР 24%-ға қысқаруына байланысты көрсеткіштің жақсаруы орын алды.

2015 жылмен салыстырғанда, ROA 124%-ға көбейді. Көбеюінің негізгі себебі – таза кірістің өсуі.

Жалпы алғанда таза активтер құнының өзгеру динамикасы табысты, таза активтердің өсуі байқалады: 30,1 млрд теңгеден 37,08 млрд теңгеге дейін, осы көрсеткіштің негізгі өсуі Өңірледі дамытудың 2020 жылға дейінгі бағдарламасынан түскен кіріспен байланысты.

Қаржылық орнықтылықтың негізгі көрсеткіштері



Қаржылық орнықтылықтың көрсеткіші «EBIT/пайыздық шығындар» 2016 жылы 4,15 құрады (жоспарға 141%). Осы кезеңде бұл көрсеткіштің өсуі негізгі емес қызметтен түсетін кірістің жоспарлы көрсеткіштен 174%-ға орындалуымен байланысты. Өсуі 2015 жылмен салыстырғанда, негізгі қызметтен түсетін кірістің 148%-ға өсуімен, негізгі емес қызметтен түсетін кірістің 58%-ға өсуімен байланысты.

«Қарыз/жеке меншік капитал» коэффициенті 3,89 құрады (жоспарланған 4,94). Жақсару есеп беру кезеңінде «Нұрлы жол» бағдарламасы бойынша тарту көлемдері жоспарлы мәндерден төмен болуымен байланысты, осыған орай Қоғамның қарызы жоспардан 19%-ға төмен. Есеп беру кезеңінде жеке меншік капиталдың мөлшері жоспармен салыстырғанда 4%-ға ұлғайды. Көрсеткіш Жалғыз акционер белгілеген шектеулерден артық (3,5 аспайды).

Бөлінген экономикалық күн⁷

Атауы	2015	2016
Операциялық шығындар	9 176 755	16 471 202
Жиынтық пайда	1 418 246	4 410 677
Жалғыз акционерге төленген дивидендтер	259 943 250	220 078 500
Төленген салық	990 018	2 255 103
Қызметкерлердің айлықтары	1 025 504	854 373

Мемлекеттің қаржылық қолдауы

Жылжымайтын мүлік қорының 2016 жылға борыштық міндеттемелері 164,2 млрд. теңгені құрады. Жалғыз акционер кредит желісін мынадай мақсаттарға ұсынды:

- Дағдарысқа қарсы бағдарлама шеңберінде құрылыс объектілерін аяқтау;
- 2011-2014 жылдарға арналған тұрғын үй құрылысы бағдарламасы шеңберінде пилоттық жобаларды іске асыру;
- Өңірлерді дамытудың 2020 жылға дейінгі бағдарламасы шеңберінде тұрғын үй құрылысы жобаларын іске асыру;
- «Жасыл орам» әкімшілік тұрғын үй кешенінің құрылысы бойынша жобаны іске асыру;
- «Нұрлы жол» инфрақұрылымды дамытудың мемлекеттік бағдарламасын іске асыру.

2016 жылы «Нұрлы жол» бағдарламасы бойынша алынған қарыз бойынша дисконт 4,3 млрд. теңгені құрады. Бұл сома қаржылық есептілікте Жылжымайтын мүлік қорының пайдасына мемлекеттік субсидия ретінде көрсетілді.

2013 жылы Қазақстан Республикасының Салық кодексіне мүлікке салынатын салық бөлігінде өзгерістер енгізілді, оларға сәйкес сатып алу құқығымен жалға беру шартын жасаған кезде, пәтер үшін қарыздың ұзақ мерзімді бөлігіне есептелген салықты төлеу бойынша міндеттеме туындайды (тұрғын үйдің өзіндік құнынан 1,5% – заңды тұлғалар үшін мөлшерлеме). Жылжымайтын мүлік қоры жасаған сатып алу құқығымен жалға беру шарттарының талаптарына сәйкес мүлік бойынша барлық шығындарды жалға алушы көтереді, себебі ол сол тұрғын үйді пайдаланады.

Заңды тұлғалар мөлшерлемесі бойынша жыл сайынғы мүлікке салынатын салықты төлеу бойынша шығындар деңгейі жеке тұлға төлейтін мөлшерлемеден жоғары екенін (орташа алғанда 15%-ға) ескере отырып, ҚР Ұлттық экономика министрлігі 2015 жылы «Өңірлерді дамытудың салалық бағдарламасының қатысушысы болып табылатын жеке тұлғаға тұрғынжайды ұзақ мерзімді жалға беру шарттары бойынша осы бағдарламаны іске асыру шеңберінде берілген салық салу объектілері бойынша салықты жеке тұлғалардың мөлшерлемелері бойынша есептейтін заңды тұлғалардың тізбесін бекіту туралы» бұйрық шығарды.

2016 жылы Жылжымайтын мүлік қоры сол бұйрыққа енгізілді, бұл мүлікке салынатын салықты төлеу мөлшерлемесін салалық бағдарламаларға қатысушылар үшін жеке тұлғалардың мөлшерлемесіне дейін төмендетуге мүмкіндік берді.

Жылжымайтын мүлік қорының басқа жеңілдіктері мен преференциялары жоқ.

⁷ ХҚЕС бойынша дайындалған 2016 жылдың 12 айы үшін шоғырландырылған қаржылық есептілік негізінде

ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ

2012 жылдан бастап Компанияда Экологиялық саясат қолданылады, оның қағидаттары – экологиялық қауіпсіз технологияларды дамытуға және таратуға жәрдемдесу және Жылжымайтын мүлік қорының активтерін үнемді пайдалану.

Компания келесі міндеттерді басым міндеттер деп белгіледі:

- Қызметті жүзеге асыру кезінде қауіпсіз және тұрақты даму;
- Жылжымайтын мүлік қоры қызметінің табиғатты қорғау заңнамасында белгіленген барлық талаптар мен нормаларға сәйкес келуін қамтамасыз ету;
- Жылжымайтын мүлік қоры іске асыратын қызметтің қоршаған ортаға жағымсыз әсер ету тәуекелін барынша азайту;
- Жылжымайтын мүлік қорына тиесілі жер учаскелеріне жауапты қарау және тиімді пайдалану;
- экологиялық менеджмент жүйесін ұдайы жақсарту.

Қоршаған ортаны қорғау мәдениеті әрбір қызметкердің жеке жауапкершілігіне, Компанияның барлық қызметкерлерін және мердігер ұйымдар өкілдерін қоршаған ортаны қорғау саласындағы ақпараттылық деңгейді арттыру процесіне тартуға негізделеді. Компания қызметкерлерді қоршаған ортаны қорғау саласында оқыту жүйесін ұдайы дамытуда. Қызметкерлерді оқыту нысаны стандартталған сипатта және менеджмент жүйесінің басқа элементтерімен тығыз байланыста.

Экологиялық саясатқа сәйкес жобаларды іріктеу кезінде Компания ҚР ҚНМЕ және әлем тәжірибесіне сәйкес тұрғын объектілердің жайлылығы, қауіпсіздігі, қызмет көрсетуде үнемділігі бойынша ұсынылатын технологиялар тізбесін басшылыққа алады. Бұл энергиялық үнемді технологияларды пайдалануды, ресурстарды тиімді пайдалануды қамтамасыз етуге және тәуекелдерді барынша азайтуға мүмкіндік береді.

Компания инвестициялық қызметті іске асырған кезде бас мердігерлер, құрылыс салушылар және серіктестер жүзеге асыратын табиғатты қорғау іс-шараларының мониторингін жүргізеді. Бұл салынып жатқан объектінің табиғи ортаға әсерін барынша азайтуға және объектінің қатысатын өңірдің су ресурстарына, атмосферасына, өсімдік және жануарлар дүниесіне рұқсат берілетін әсер деңгейімен жұмыс істеуіне бағытталған.

Жылжымайтын мүлік қоры үздік экологиялық және энергиялық тиімді технологияларды пайдаланумен «Жасыл орам» әкімшілік-тұрғын үй кешенін салу жобасының негізгі орындаушысы болып табылады. «СК Девелопмент» ЖШС еншілес ұйымы арқылы жүзеге асырылатын «Жасыл орам» жобасы Қазақстан Республикасында аналогы жоқ бірегей, көп функционалды кешен. «Жасыл орам» экологиялық құрылыс талаптарына сәйкес салынды. Бұл LEED жүйесі бойынша халықаралық сертификаттаудан өтетін Қазақстандағы бірінші жоба. LEED талаптарына сәйкес 20 га жер учаскесінің үшінші бөлігіне ғана құрылыс салынды, қалған аумақта белсенді демалуға арналған алаңдары мен бұрқақтары бар әдемі саябақ орналасады, қазіргі уақытта мыңға жуық ағаш егілді. Стандар бойынша сондай учаскеде 500 мың шаршы метрге дейін салуға болады, алайда LEED талаптарына сәйкес 210 мың шаршы метр салынды. Кешен экологиялық стандарттардың барлық параметрлеріне сәйкес келетін болады.

АДАМИ РЕСУРСТАРДЫ ЖӘНЕ ЕҢБЕК ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТАРЫН ДАМУ

Жылжымайтын мүлік қорының Қызметкерлерді басқару саясаты қызметкерлер мен жұмыс берушінің серіктестік өзара қатынасу қағидаттарына негізделген және Компанияның серпінді дамуына жағдай жасайтын корпоративтік ортаны қалыптастыруға бағытталған.

Компания құзыретті, өкілеттік берілген және өзара әрекеттесетін қызметкерлер Жылжымайтын мүлік қорының құндылықты құру қабілеттігін арттыратынын мойындайды. Адами ресурстарды басқару бойынша негізгі ережелер Жылжымайтын мүлік қорының Кадр саясатында көрсетілді. Кадр саясатында келесіні қоса алғанда басты корпоративтік қағидаттар тіркелді:

- өзара қатынастың ұзақ мерзімді сипаты;
- қызметкерлер біліктілігінің лауазымға қойылатын талаптарға сәйкестігі;
- білім мен тәжірибенің сабақтастығы, кәсіби оқудың және қызметкерлер дамуының маңыздылығы;
- еңбегі мен қызметте қол жеткізген жетістіктеріне орай сыйақы беру және жұмыс бабында жоғарылату;
- бос орындарға орналасу кезінде ішкі кадр резервінің және сыртқы ресурстардың дұрыс үйлесуі.

Жылжымайтын мүлік қоры кадр саясатының маңызды бағыты төменде қызметкерлерді көрсетілген қағидаттарға негізделген дамыту және оқыту болып табылады:


- кәсіптік оқыту мазмұнының қызметкердің лауазымдық міндеттеріне, оның қызметін бағалау нәтижелеріне, қызметкер алдына қойылған мақсаттар мен міндеттерге сай белгіленген қажеттіліктерге сәйкестігі;
- оқыту іс-шараларының Жылжымайтын мүлік қоры қызметкерлерінің қызмет тиімділігін арттыруды қамтамасыз ететін нақты міндеттерді шешуге, үздік әлем тәжірибелерін және халықаралық стандарттарды зерттеуге бағыттылығы;
- қызметкерді оқыту мен дамытудың әртүрлі нысандарын пайдаланумен оқыту және дамыту процесінің үздіксіздігі және жоспарлылығы;
- Ағымдағы және болашақ бизнес-процестерді орындау үшін қызметкерлерді оқытудың және дамытудың мақсатты саясатын жүргізу;
- Жылжымайтын мүлік қорының кадр резервінде тұратын қызметкерлерді оқытуды және дамытуды жеке даму жоспарларына және қызметкерлердің мансаптық жоспарларына сәйкес іске асыру.

	2016 жылға міндеттер	Жетістіктер
1	Қызметкерлерді жұмылдыру деңгейінің индексін көтеру	«Самұрық-Қазына» Корпоративтік университеті 2016 жылы Жылжымайтын мүлік қорында жүргізген қызметкерлердің жұмылдырылуын бағалау нәтижелері бойынша қызметкерлерді жұмылдыру индексі 85% құрады. Жұмылдыру индексін құрайтын барлық көрсеткіштер мәні 70%-дан төмен емес позитивті аймақта орналасқан. 2015 жылмен салыстырғанда 2016

		жылы қызметкерлердің жұмылдырылуы 19%-ға өсті.
2	Қызметкерлердің құзыреттілік деңгейін арттыру	<p>e-learning жүйесі бойынша қызметкерлер 273 тақырып:</p> <ul style="list-style-type: none"> • барлық қызметкерлер біліктілігін арттыру жүйесімен қамтылды – орташа алғанда, әрбір қызметкер үш семинарға қатысты; • бейімделу тренинг курсы әзірленді; • құрылымдық бөлімшелердің жетекшілері төрт таныстыру ақпараттық сессияны өткізді. <p>Оқытумен қанағаттанушылық деңгейінің индексі 100%-ды құрады.</p>
3	Кадр резервін қалыптастыру	<p>Қызметкерлерді дамыту және мансаптық өсуді қамтамасыз ету мақсатында негізінде калибрлеу сессиясында қаралған кадр резервіне үміткерлер таңдалған ассессмент орталығының рәсімі жүргізілді.</p> <p>19 адамнан тұратын кадр резервінің құрамы Директорлар кеңесімен бекітілді, 2015 жылмен салыстырғанда 4,8 есе көбейген.</p> <p>Кадр резерві құрамынан конкурстық іріктеу нәтижелері бойынша 3 қызметкер жоғары лауазымға тағайындалды.</p>
4	Меритократия қағидаттарында бос лауазымдарға орналасуға конкурстар өткізу арқылы қызметкерлердің сандық және сапалық құрамын қамтамасыз ету	<p>Қызметкерлерді бизнес-процестің референстік үлгісіне сәйкес келетін 8-сатылы іздеу және іріктеу процесі енгізілді. Компанияда қызметкерлерді іздеу және іріктеу процесі «Самұрық-Қазына» АҚ-да өткізілген 2016 жылғы кадрлық аудит нәтижелері бойынша 93%-ға бағаланды.</p>

Қызметкерлерді басқарудың 2016 жылғы сапалы көрсеткіштері:

- Сыртқы семинарларда 46 қызметкер оқытылды;
- Алты корпоративтік семинар өткізілді;
- «Көшбасшылық дағдыларды қалыптастыру» және «Тиімді функцияаралық коммуникациялар дағдылары» екі тимбилдинг өткізілді;
- Басқарма төрағасының бұйрығымен 68 қызметкердің 2016 жылға Жеке даму жоспарлары бекітілді.




Қызметкерлердің сипаттамасы

Жылжымайтын мүлік қоры қызметкерлерінің орташа тізімді саны 2016 жылы 68 адамды құрады. Азаматтық-құқықтық шарттар бойынша жұмыспен қамтылған қызметкерлер саны 2016 жылы 30 адамды құрады.


Жылжымайтын мүлік қоры гендерлік теңдік қағидаттарын сақтайды, бұл ретте орта буынның басшыларын лауазымға орналастырған кезде, еркектер мен әйелдер ара қатынасы сәйкесінше 54% және 46% құрайды. Қызметкерлердің орта жасы 35-37 жасты құрайды.

Жылжымайтын мүлік қорының барлық қызметкерлерінің біліктілік талаптарына сәйкес жоғары білімі бар.

Еңбек шарттары бойынша:



Азаматтық-құқықтық шарттар бойынша:



Қызметкерлердің құрылымы

Қызметкерлердің құрылымы бойынша көрсеткіштер	Жылдар		
	2014	2015	2016
Жұмысқа жаңа қабылданған қызметкерлер, соның ішінде.:	16	10	46
Еркектер:	13	7	26
Әйелдер:	3	3	20
Жастық топ бойынша:			
30 жасқа дейін	7	3	9
30-50 жаста	8	6	36
50 жастан үлкен	1	1	1
Лауазымнан босатылды, соның ішінде.:	13	16⁸	49⁹
Еркектер:	8	10	35
Әйелдер:	5	6	14
Жастық топ бойынша:			
30 жасқа дейін	1	3	4
30-50 жаста	8	11	36
50 жастан үлкен	4	2	3
Кадрлардың тұрақтамауы коэффициент¹⁰	16%	16%	48%
Басшы және басқарушы қызметкерлер	8	7	6
Еркектер:	8	7	5
Әйелдер:	-	-	1
Жастық топ бойынша:			
30 жасқа дейін	-	-	-

⁸ Лауазымнан босатылған 16 қызметкерден 4-уі штаттың қысқартылуына байланысты лауазымнан босатылды;

⁹ Лауазымнан босатылған 49 қызметкерден 18-і штаттың қысқартылуына байланысты лауазымнан босатылды;

¹⁰ Штаттың қысқартылуына байланысты лауазымнан босатылғандарды есепке алмағанда

30-50 жаста	5	4	6
50 жастан үлкен	3	3	-
Құрылымдық бөлімшелердің жетекшілері	17	17	15
Еркектер:	10	11	10
Әйелдер:	7	6	5
Жастық топ бойынша:			
30 жасқа дейін	2	2	-
30-50 жаста	16	15	14
50 жастан үлкен	1	2	-
Әкімшілік қызметкерлер	52	48	47
Еркектер:	29	27	18
Әйелдер:	26	21	29
Жастық топ бойынша:			
30 жасқа дейін	15	16	12
30-50 жаста	31	29	31
50 жастан үлкен	6	3	4

Еңбекақы төлеу

Жылжымайтын мүлік қорының еңбекақы төлеу жүйесі Жылжымайтын мүлік қорының қызметкерлеріне еңбекақы және сыйақы төлеу қағидаларында реттеледі. Компанияда ынталандыру және еңбекақы төлеудің негізгі қағидаттары:

- қызметкерлердің еңбекақысын төлеуге бірыңғай көзқарас;
- қызметкерлерді тиімді жұмыс істеуге ынталандыру;
- ашықтық пен түсініктілік;
- еңбек ақысы мөлшерінің Жылжымайтын мүлік қорының жалпы жетістіктеріне және жеке қызметкерлердің келісілген мақсаттар мен міндеттерге тәуелділігі .

Қызметкерлерге төлемдер¹¹

КӨРСЕТКІШ	2014	2015	2016
Еңбекақы қоры (соның ішінде жеңілдіктер, ЕҚ-на кіретін төлемдер мен бір жолғы төлемдер, жылдық сыйақы, сыйақы, демалыстар, бонустар бойынша резервтер) млн. теңге	562,4	616	545,9
Әлеуметтік сипаттағы төлем қоры, млн. теңге	84,8	83,4	89,7
Әлеуметтік салық, әлеуметтік аударымдар, млн. теңге	69	69,9	71,2
БАРЛЫҒЫ	716,2	769,3	706,8

¹¹ Көрсеткіштер Жылжымайтын мүлік қорының жеке қаржылық есептілігінен алынған

Азаматтық-құқықтық шарттар бойынша жұмыс істейтін тұлғаларға төлемдер, млн. теңге	45,9	47,6	53,60
БАРЛЫҒЫ	45,9	47,6	53,6

Компания қызметкерлеріне әлеуметтік қолдау көрсету қағидаларына сәйкес оларға:

1. Материалдық көмек мынадай жағдайларда және мөлшерде төленеді:

- жыл сайынғы ақылы еңбек демалысын беру кезінде денсаулығын жақсартуға 2 (екі) айлық лауазымдық еңбекақыдан аспайтын мөлшерде;
- бала тууына/асырап алуына байланысты қызметкердің 1 (бір) айлық лауазымдық еңбекақысынан аспайтын мөлшерде;
- қайтыс болумен байланысты:
 - қызметкердің – отбасы мүшелерінің біреуіне бір жолғы төлеммен 1 (бір) айлық лауазымдық еңбекақыдан аспайтын мөлшерде;
 - қызметкердің әйелінің, баласының, ата-анасының – 10 ЖЕТМ аспайтын мөлшерде.
- екі айдан артық жұмысқа уақытша жарамсыздық мерзімі белгіленуі мүмкін сырқат түрлерінің тізіміне сәйкес қызметкердің медициналық емделуін/операциясын төлеуге.

2. Өтемақылық төлемдер:

Шақырылған қызметкердің жұмыс орны бойынша тұрғылықты жерін басқа жерге ауыстыруына байланысты нақты ұсынылған құжаттар бойынша мынадай шығындар өтелуі мүмкін:

- қызметкердің және оның отбасы мүшелерінің көлікпен жол жүру ақысы;
- қызметкердің және оның отбасы мүшелерінің көлікпен мүлігін тасымалдау ақысы.

3. қызметкердің және оның отбасы мүшелерін медициналық сақтандыру (науқастану жағдайына байланысты сақтандыру);

4. Жүкті әйелдерге, бала (балалар) туған әйелдерге, жаңа туған баланы (балаларды) асырап алған әйелдерге (еркектерге) бала тууына байланысты мынадай демалыс беріледі:

- жүкті болуына және бала тууына байланысты демалыс;
- жаңа туған баланы (балаларды) асырап алған қызметкерлерге демалыс;
- бала үш жасқа толғанға дейін оның күтіміне байланысты жалақы сақталмайтын демалыс.

Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес, жүктілікке және босануға байланысты табысынан айырылған жағдайда төленетін әлеуметтік төлем сомасын шегерумен орташа жалақыны сақтай отырып, жүктілікке және босануға байланысты демалыс төленеді.

ЕҢБЕКТІ ҚОРҒАУ ЖӘНЕ ҚАУІПСІЗДІК ТЕХНИКАСЫ

Жылжымайтын мүлік қоры қауіпсіз еңбек жағдайларының жоғары деңгейін қамтамасыз ету және ұстау, қызметкерлердің өндірістік жарақаттану мен кәсіптік сырқаттануының алдын алу, жұмыс орындарда қауіптер мен тәуекелдерді күні бұрын анықтау моральдық ахуалды жақсартатанын, еңбек өнімділігін және қызметкерлердің адалдығын арттыратынын түсінеді және мойындайды.

Қызметкерлердің денсаулығын сақтау және еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында Еңбекті қорғау және өндірістік қауіпсіздік саласындағы саясат бекітілді, оған сәйкес қызметкерлер үшін қолайлы, салауатты және қауіпсіз ахуалды жасау, өндірістік жарақаттанудың және аурулардың алдын алу бойынша іс-шаралар жүргізіледі. Жұмыс орындарында қауіпсіздік техникасы және өрт қауіпсіздігі бойынша ұдайы нұсқама беріледі.


Адами капитал басты құндылық және Компанияның табысты дамуының негізгі факторы болып табылады. Осыны түсіне отырып, Жылжымайтын мүлік қоры қызметкерлердің қызмет тиімділігін және оның стратегиялық және операциялық міндеттерді іске асыруға жұмылдырылуын арттыруға көмектесетін жағдай жасауға тырысады. Компанияның еңбек қатынастарына көзқарасы көпшілік мойындаған қағидаттарға және халықаралық құқық нормаларына, Халықаралық еңбек ұйымының стандарттарына, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес келеді.

Жылжымайтын мүлік қорында 2016 жылы жоғалған күндер коэффициенті - 0,20%, жұмыс орнында болмау коэффициенті – 1,6% құрады.

Компания кадр саясатын іске асыру саласындағы өз қызметін жетілдіру мақсатында қызметкерлердің жұмылдырылуын жыл сайынғы зерделеу шеңберінде алынатын кері байланысты жыл сайын жинап талдайды. Зеттеудің басты мақсаты - бизнестің тиімділігін қызметкерлерді басқару стратегиясын жетілдіру есебінен Компания қызметкерлерінің жұмылдырылуының жалпы көрінісін жасау.

2016 жылы еңбек жағдайларына жүргізілген бағалау бойынша Жылжымайтын мүлік қоры қызметкерлерінің қанағаттанушылығының орта индексі 90% құрады. Еңбек жағдайларын бағалау қызметкерлердің тиімді жұмыс жасауға және жақсы нәтижелерге қол жеткізуге көмектесетін жұмыс аспектілерімен қанағаттануын қамтиды. Жауап беру нәтижелері Жылжымайтын мүлік қорының қызметкерлері Компания ұсынатын еңбек жағдайларын жоғары бағалайтынын көрсетті.

Қызметкерлердің қанағаттанушылық индексі ¹²



¹² Қанағаттанушылық индексі қызметкерлердің жұмыс жағдайларымен қанағаттануын қамтиды.

2016 жылы Жылжымайтын мүлік қоры әкімшілік ғимаратының өрт қауіпсіздігінің талаптарын бұзғаны үшін әкімшілік жауапкершілікке тартылды. Жазалау Астана қаласы ТЖД бастығының орынбасары 2016 жылы 2 қыркүйекте берілді, 2017 жылы әкімшілік іс қаралғаннан кейін Жылжымайтын мүлік қоры барлық бұзушылықтарды жойды.

ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПКЕРШІЛІК

Жылжымайтын мүлік қорының сыртқы әлеуметтік саясаты Жылжымайтын мүлік қорының Қазақстан Республикасының құрылыс саласын және жылжымайтын мүлік нарығын дамытуға көмектесу Миссиясымен барлық бағыттар бойынша тығыз байланысты. Жылжымайтын мүлік қорының қызметі әлеуметтік бағдарланған сипатта және халықты тұрғын үймен қамтамасыз ету саласындағы проблеманы шешуге мақсатталған.

Жылжымайтын мүлік қоры «Дағдарысқа қарсы бағдарлама» операторы ретінде жылжымайтын мүлік нарығында маңызды әлеуметтік міндетті жүзеге асырды – объектілердің құрылысын аяқтау және үлескерлердің проблемаларын шешу. Жылжымайтын мүлік қорының қатысуымен «Дағдарысқа қарсы бағдарлама» шеңберінде 554,7 ш.м. жылжымайтын мүлік өтеп алынды, 3 мыңнан астам үлескердің проблемалары шешілді.

Жылжымайтын мүлік қоры Өңірлерді дамытудың 2020 жылға дейінгі бағдарламасын іске асыру барысында халықты сапалы қолжетімді баспанамен қамтамасыз етеді. 2016 жылы Бағдарлама бойынша өткізілген жылжымайтын мүлік 61,2 мың ш.м. құрады.

Мемлекеттік бағдарламаларды іске асыру шеңберінде Жылжымайтын мүлік қоры тұрғын үйлерді пайдалану кезінде энергетикалық ресурстардың тиімді және үнемді жұмсалуды, адам денсаулығын сақтау және қоршаған ортаны қорғау бойынша санитариялық-эпидемиологиялық және экологиялық талаптардың орындалуын, сондай-ақ ғимараттың элементтерін және инженерлік жабдықтарды пайдалану кезінде тұрғындардың қауіпсіздігін қамтамасыз ететін жобалық шешімдерді қолдайды.

Жобаларды іске асыру кезінде Жылжымайтын мүлік қоры қатысатын өңірлерде жаңа жұмыс орындарын ашады және өңірлердің экономикалық өсуіне жағдай жасайды. 2010-2015 жылдар аралығында құрылыс объектілерінде 15 мыңнан астам, 2016 жылы 3,5 мыңнан астам жұмыс орны ашылды.

Жоспардан тыс тексеру жүргізген кезде Астана қаласының бас мемлекеттік құрылыс инспекторы Жылжымайтын мүлік қорына қатысты сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласында заң бұзушылықты анықтады. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы қозғалған іс бойынша 2016 жылғы 7 шілдедегі №2016/06-251п қаулыға сәйкес «Самұрық-Қазына» жылжымайтын мүлік қоры» АҚ әкімшілік жауапкершілікке тартылып, 190 890 (жүз тоқсан мың сегіз жүз тоқсан) теңгені құрайтын 90 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салынды.

Компания сатып алушылар мен жалгерлердің денсаулығын және қауіпсіздігін қамтамасыз етуге және сондай оқиғаларды уақытылы ретту бойынша шаралар қабылдауға тырысады.

Демеушілік және қайырымдылық

Демеушілік және қайырымдылық жобалардың жүйелілігін қамтамасыз ету мақсатында «Самұрық-Қазына» АҚ Директорлар кеңесінің 2016 жылғы 28 қаңтардағы №126 шешімімен жаңа Қайырымдылық саясаты мен Қайырымдылық бағдарламасы

бекітілді, оларға сәйкес 2016 жылдан бастап осы бағыттағы қызмет Қордың компаниялар тобының бірыңғай операторы – әлеуметтік маңызды жобаларды іске асыратын «Samruk-Kazyna Trust» әлеуметтік жобаларды дамыту қоры арқылы жүзеге асырылады.

Демеушілік және қайырымдылық көмек көрсету саясатына сәйкес демеушілік және қайырымдылық көмек көрсетуге қаражат Жылжымайтын мүлік қорының бюджетінде көзделуі мүмкін. Компания қызметінің және қорландыру ерекшеліктеріне байланысты, демеушілік және қайырымдылық көмек көрсетуге қаражат 2016 жылғы бюджетте көзделмеген.

Қайырымдылық акцияларды Компания қызметкерлері ерікті түрде жүзеге асырады.

- 9 Мамыр – Жеңіс күніне орай Компания Жылжымайтын мүлік қорына тіркелген Ұлы Отан соғысының ардагерлерін құттықтап, атаулы көмек көрсетті;
- 2016 жылы Білім күніне «Соберем ребенка в школу» атты акция ұйымдастырылып, табысы аз отбасылар балаларына қажетті құралдар алынды;
- 2016 жылы тамыз айында Жылжымайтын мүлік қоры мақсаты балаларға арналған әлеуметтік мекемелер тәрбиеленушілерінің әлеуметтік, тұрмыстық, психологиялық және еңбек бейімделуі, жас ұрпақтың интеллектуалды және шығармашылық дағдыларын дамыту болып табылатын «Самұрық-Қазына» Компаниялар тобының еріктілер акциясына қатысты.

Жыл ішінде жүгінген адамдарға Компания қызметкерлері өз қаражаты есебінен қайырымдылық көмек көрсетті.

АЛҒЫС ҮНДЕУ

Жылжымайтын мүлік қоры осы Есепті құрауға үлес қосқан үшін келесі тұлғаларға алғысынбілдіреді:

- Талғат М., «Самұрық-Қазына» АҚ;
- Нұрлан Б., «Самұрық-Қазына» АҚ»
- Самат Р., «Самұрық-Қазына» жылжымайтын мүлік қоры» АҚ;
- Әлибек И., «Самұрық-Қазына» жылжымайтын мүлік қоры» АҚ;
- Дмитрий Л., «Самұрық-Қазына» жылжымайтын мүлік қоры» АҚ;
- Бауыржан Ж., «Самұрық-Қазына» жылжымайтын мүлік қоры» АҚ;
- Әдия Д., «Самұрық-Қазына» жылжымайтын мүлік қоры» АҚ;
- Айман О., «Самұрық-Қазына» жылжымайтын мүлік қоры» АҚ;
- Дамир Ж., «Самұрық-Қазына» жылжымайтын мүлік қоры» АҚ;
- Ернар К., «СК Девелопмент» ЖШС
- Татьяна Ш., «ЖМҚ Менеджмент» ЖШС;
- Эльдар М., «ЖМҚ Менеджмент» ЖШС;
- Маржан К., «ЖМҚ Менеджмент» ЖШС;
- Индира К., «Асыл Арман» ТК, Алматы Қ.;
- Карима А., «Недвижимость» газетінің редакциясы;
- Екатерина Е., «Слава ВЦ» ЖШС;
- Ақмарал С., Өскемен қ. әкімдігі;
- Жаныл Т., «Қазкоммерцбанкi» АҚ.

Жылжымайтын мүлік қоры өзінің стейкхолдерлерінің жұмылдырылуын жоғары бағалайды және тиімді диалог жүргізу үшін жұмысты жалғастырады.

1-қосымша

Тұрақты даму саласында есептілікті дайындау нұсқаулығына сәйкес дайындалған Есептің негізгі нұсқасы үшін GRI мазмұнының көрсеткіші

G4 ЕСЕПТІЛІГІНІҢ ЖАЛПЫ СТАНДАРТТЫ ЭЛЕМЕНТТЕРІ

Есептіліктің жалпы стандартты элементтері	Сипаты	Беті	Ескертпе
СТРАТЕГИЯ ЖӘНЕ ТАЛДАУ			
G4-1	Бірінші басшының тұрақты дамудың ұйым үшін маңыздылығы, ұйым стратегиясы және тұрақты даму стратегиясы туралы алғы сөзі	Басқарма төрағасының үндеуі, 3 б.	
G4-2	Негізгі әсердің, тәуекелдер мен мүмкіндіктердің сипаттамасы	Басқарма төрағасының үндеуі, 3 б. Тәуекелдерді басқару жүйесі, 10 б.	
ҰЙЫМНЫҢ БЕЙІНІ			
G4-3	Ұйымның атауы	Жылжымайтын мүлік қоры туралы, 6 б.	
G4-4	Басты брендтер, өнім түрлері, сондай-ақ қызметтер	Жылжымайтын мүлік қоры туралы, 6 б.	Толық ақпарат Жылжымайтын мүлік

		Компания қызметінің негізгі бағыттары және құрылымы, 8 б.	қорының 2016 жылғы Жылдық есебінде, «Жылжымайтын мүлік қоры туралы» ақпарат бөлімі, «Қызметтің негізгі бағыттары», 7-20 бет
G4-5	Ұйымның штаб-пәтерінің орналасуы	Жылжымайтын мүлік қоры туралы, 6 б.	
G4-6	Ұйым өзінің қызметін жүзеге асыратын елдер саны	Жылжымайтын мүлік қоры туралы, 6 б.	Жылжымайтын мүлік қоры өз қызметін Қазақстан Республикасында жүзеге асырады
G4-7	Меншік түрі және ұйымдық – құқықтық нысаны	Жылжымайтын мүлік қоры туралы, 6 б.	
G4-8	Ұйым жұмыс істейтін нарықтар	Жылжымайтын мүлік қоры туралы, 6 б. Компания қызметінің негізгі бағыттары және құрылымы, 8 б.	Толық ақпарат Жылжымайтын мүлік қорының 2016 жылғы Жылдық есебінде, «Жылжымайтын мүлік қоры туралы» ақпарат бөлімі, «Қызметтің негізгі бағыттары», 7-20 бет

G4-9	Ұйымның ауқымы	Жылжымайтын мүлік қоры туралы , 6 б. Экономикалық нәтижелілік, 25-27 б. Жылжымайтын мүлік қоры қызметінің негізгі бағыттары және құрылымы, 8 б.	
G4-10	Қызметкерлердің жалпы саны, гендерлік бөлінуі	Жылжымайтын мүлік қоры туралы , 6 б. Адами ресурстарды және еңбек қатынастарын дамыту, 29-33 б.	
G4-11	Ұжымдық шарттар жасалған барлық қызметкерлер пайызы		Жылжымайтын мүлік қорында ұжымдық шарттар жасау тәжірибесі қолданылмайды. Қызметкерлер жұмысқа жеке қабылданады және оларға ҚР еңбек заңнамасына сәйкес құқықтар беріледі.
G4-12	Ұйымның жеткізілім тізбегі	Жауапты сатып алулар, 20-21 б.	
G4-13	Есеп беру кезең ішінде орын алған ауқымның, құрылымның немесе меншігінің не оның жеткізілім тізбегінің елеулі өзгеруі		Есеп беру кезеңінде елеулі өзгерістер болған жоқ.

G4-14	Сақтық қағидатын қолдану және қолдану әдістері	Тәуекелдерді басқару жүйесі, 10 б.	Жылжымайтын мүлік қоры нәтижелері жоспарланатын қызметтің қоршаған ортаға жағымсыз әсерін барынша азайту бойынша іс-шарларды әзірлеу үшін пайдаланылатын қоршаған ортаға әсерді бағалау бойынша қажетті зерттеулерді жүргізу маңызды деп санайды.
G4-15	Сыртқы тараптар әзірлеген ұйым қосылған немесе қолдайтын экономикалық, экологиялық және әлеуметтік хартиялар, қағидаттар немесе басқа бастамалар		Қазіргі уақытта Жылжымайтын мүлік қоры сондай бастамалардың біреуіне де ресми қосылмаған. Бұл ретте Жылжымайтын мүлік қоры ISO 26000 (Әлеуметтік жауапкершілік жөніндегі нұсқаулық) халықаралық стандартында және Корпоративтік басқару кодексінде тіркелген қағидаттарды басшылыққа алады,

			сондай-ақ Есептілік бойынша жаһандық бастаманың (GRI) нұсқаулығына бағдарланған тұрақты даму туралы есептілікті жариялайды.
G4-16	Қауымдастықтарға мүшелілік		Қазіргі уақытта Жылжымайтын мүлік қоры қауымдастықтарға қатысушы болып табылмайды.
АНЫҚТАЛҒАН МАҢЫЗДЫ АСПЕКТІЛЕР МЕН ШЕКТЕРІ			
G4-17	Есептіліктері шоғырландырылған қаржылық есептіліктерге немесе ұйымның ұқсас құжаттарына енгізілген барлық заңды тұлғаларды атап шығу		Ақпарат 2016 жылғы Жылдық есепте, «Жылжымайтын мүлік қорының активтерінің құрылымы», 46-бетте келтірілген
G4-18	Есептің мазмұнын және аспектілер шектерін айқындау әдістемесі Ұйым есептің мазмұнын айқындау кезінде есептілікті дайындау қағидатын қалай қолданғаны туралы ақпарат	Тұрақты даму саласындағы есеп туралы, 4-5 б. Тұрақты дамуға тәсілдеміз, 9 б.	

G4-19	Есептің мазмұнын айқындау кезінде барлық анықталған маңызды аспектілердің тізімі	Тұрақты даму саласындағы есеп туралы, 4-5 б. Анықталған аспектілердің материалдылық матрицасы, 11 б.	
G4-20	Әрбір маңызды аспекті бойынша сипаттама	Тұрақты даму саласындағы есеп туралы, 4-5 б.	Маңызды аспектілерді ашу бөліктерінде толық келтірілген
G4-21	Әрбір маңызды аспектілердің шектері Маңызды аспектілерді ашу бөліктерінде толық келтірілген	Тұрақты даму саласындағы есеп туралы, 4-5 б.	Маңызды аспектілерді ашу бөліктерінде толық келтірілген
G4-22	Ақпаратты қайта ұсыну Алдыңғы есептерді ұсыну және қайта ұсынудың себептері		Қолдануға болмайды Тұрақты даму саласындағы бірінші есеп
G4-23	Алдыңғы есептерде есептің мазмұны және Аспектілердің шектері бөлігінде болған елеулі өзгерістер		Қолдануға болмайды Тұрақты даму саласындағы бірінші есеп
МҮДДЕЛІ ТАРАПТАРМЕН ӨЗАРА ӘРЕКЕТТЕСУ			
G4-24	Ұйым өзара әрекеттесетін мүдделі тараптардың тізімі	Мүдделі тараптармен өзара әрекеттесу, 13 б.	
G4-25	Өзара әрекеттесу үшін мүдделі тараптарды анықтау	Мүдделі тараптармен өзара	

	және іріктеу қағидаттары	<p>әрекеттесу, 13 б.</p> <p>Тұрақты дамуға тәсілдеміз, 9 б.</p> <p>Анықталған аспектілердің материалдылық матрицасы, 11 б.</p>	
G4-26	Ұйымның мүдделі тараптармен өзара әрекеттесу тәсілі	<p>Мүдделі тараптармен өзара әрекеттесу, 13 б.</p> <p>Тұрақты дамуға тәсілдеміз, 9 б.</p> <p>Анықталған аспектілердің материалдылық матрицасы, 11 б.</p>	
G4-27	Мүдделі тараптар ұйыммен өзара әрекеттесу шеңберінде қозғаған негізгі тақырыптар мен қауіптер	<p>Мүдделі тараптармен өзара әрекеттесу, 13 б.</p> <p>Анықталған аспектілердің материалдылық матрицасы, 11 б.</p>	
ЕСЕП ТУРАЛЫ ЖАЛПЫ МӘЛІМЕТ			
G4-28	Есеп беру кезеңі	Тұрақты даму саласындағы есеп туралы, 4-5 б.	
G4-29	Өткен есептің жарияланған күні		Қолдануға болмайды Бірінші есеп
G4-30	Есептіліктің кезеңділігі	Тұрақты даму саласындағы есеп туралы, 4-5 б.	

G4-31	Осы есепке немесе оның мазмұнына қатысты мәселелермен жүгінуге болатын тұлға		Назерке Конысбай, Стратегия және трансформация департаменті, Тел.: 8(7172)570190 e-mail: n.konysbai@fnsk.kz
G4-32	Ұйым таңдаған GRI нұсқаулығына сәйкес есепті дайындау нұсқасы	Тұрақты даму саласындағы есеп туралы жазу, 4-5 б.	
G4-33	Ұйымның есеп үшін сыртқы кепілгерді іздеуге қатысты саясаты және ағымдағы тәжірибесі	Тұрақты даму саласындағы есеп туралы, 4-5 б.	
КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ			
G4-34	Корпоративтік басқарудың жоғарғы органдарын қоса алғанда, ұйымды корпоративтік басқару құрылымы		Толық ақпарат 2016 жылғы Жылдық есепте, «Корпоративтік басқару», 53-119 беттерде көрсетілген
ӘДЕП ЖӘНЕ АДАЛДЫҚ			
G4-56	Мінез-құлық кодексі және әдеп кодексі сияқты ұйымдық құндылықтар, қағидаттар, стандарттар және мінез-құлық нормалары	Этикалық менеджмент жүйес, 17-19 б.	

G4 ЕСЕПТІЛІГІНІҢ ЕРЕКШЕ СТАНДАРТТЫ ЭЛЕМЕНТТЕРІ

Маңызды аспект	MTM және индикаторлар	Сипаттама	Бет	Ескертпе
ЭКОНОМИКАЛЫҚ САНАТ				
Экономикалық нәтижелілік	G4- MTM	Менеджменттің тәсілдері туралы мәлімет	Тұрақты даму саласындағы есеп туралы, 4-5 б. Тұрақты дамуға тәсілдеміз, 9 б.	
	G4-EC1	Құрылған және бөлінген тікелей экономикалық құн	Экономикалық нәтижелілік, 25-27 б.	
	G4-EC4	Мемлекеттен алынған қаржылық көмек	Экономикалық нәтижелілік, 25-27 б. Мемлекеттің қаржылық қолдауы, 27 б.	
ЭКОЛОГИЯЛЫҚ САНАТ				
Талаптарға сәйкестік	G4- MTM		Тұрақты дамуға тәсілдеміз, 9 б. Қоршаған ортаны қорғау,	

			28 б.	
	G4-EN29	Экологиялық заңнаманы және нормативтік талаптарды сақтамағаны үшін салынған елеулі айпұлдардың ақашалай мәні және қаржылық емес санкциялардың жалпы саны		Есеп беру кезең ішінде Жылжымайтын мүлік қорында сондай оқиғалар орын алған жоқ.
ӘЛЕУМЕТТІК САНАТ: Еңбек қарым-қатынасы тәжірибесі және адал еңбек				
Жұмыс орнында денсаулық және қауіпсіздік	G4- MTM		Тұрақты дамуға тәсілдеміз, 9 б. Еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы, 35-36 б.	
	G4-LA6	Өңірлер және жыныс белгілері бойынша көрсетілген өндірістік жарақаттанудың түрлері мен деңгейі, кәсіби аурулардың деңгейі, жоғалған күндер коэффициенті және жұмыс орнында болмау коэффициенті, сонымен қатар жұмыспен байланысты өлімнің жалпы саны	Еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы, 35-36 б.	Есеп беру кезең ішінде Жылжымайтын мүлік қорында жарақаттану және кәсіби сырқаттану оқиғалары орын алған жоқ.
Дайындық және білім	G4- MTM		Тұрақты дамуға тәсілдеміз, 9 б. Адами ресурстарды және еңбек қатынастарын дамыту, 29-33 б.	

	G4-LA9	Жыныс белгілері және қызметкерлердің санаттары бойынша бөлінген бір қызметкерді оқытудың орта жылдық сағат саны	Адами ресурстарды және еңбек қатынастарын дамыту, 29-33 б.	
Әртүрлілік және тең мүмкіндіктер	G4- MTM		Тұрақты дамуға тәсілдеміз, 9 б. Адами ресурстарды және еңбек қатынастарын дамыту , 29-33 б. Этикалық менеджмент жүйесі, 17-19 б.	
	G4-LA12	Жыныс белгілері, жастық топтарға, азшылық топтарға тиесілілік және әртүрліліктің басқа да белгілері бойынша бөлінген басқарушы органдардың және ұйым қызметкерлерінің негізгі санаттарының құрамы	Адами ресурстарды және еңбек қатынастарын дамыту, 29-33 б. Қызметкерлердің сипаттамасы, 31 б.	Басқарма және Директорлар кеңесінің құрамы туралы ақпарат 2016 жылғы Жылдық есепте, «Корпоративтік басқару» бөлімінде, 53-114-беттерде көрсетілген
Әйелдер мен еркектерге тең сыйақы төлеу	G4- MTM		Тұрақты дамуға тәсілдеміз, 9 б. Еңбек ақы төлеу, 33 б. Этикалық менеджмент	

			жүйесі, 17-19 б.	
	G4-LA13	Қызметкерлер санаттары және ұйым қызметін атқаратын маңызды өңірлер бойынша бөлінген еркектер мен әйелдердің негізгі еңбекақыларының арақатынасы	Еңбек ақы төлеу, 33 б.	Жылжымайтын мүлік қоры еркектер мен әйелдерге тең сыйақы төлеу қағидатын қолдайды. Біліктілік, кәсіптік білім және бизнес талаптары кадр мәселелерін шешу үшін негіз болып табылады. 2014-2016 жылдар аралығында еркектер мен әйелдердің негізгі еңбекақылары бір деңгейде болған және қызметкерлердің санаты бойынша ғана ерекшеленетін.
ӘЛЕУМЕТТІК САНАТ: Адам құқықтары				
Кемсітушілік-ті болдырмау	G4- MTM		Тұрақты дамуға тәсілдеміз, 9 б. Этикалық менеджмент жүйесі, 17-19 б.	

	G4-HR3	Кемсіту оқиғаларының жалпы саны және қабылданған түзету іс-әрекеттері	Этикалық менеджмент жүйесі, 17-19 б.	Есеп беру кезең ішінде Жылжымайтын мүлік қорында сондай оқиғалар орын алған жоқ.
Қауіпсіздікті қамтамасыз ету тәжірибесі	G4- MTM		Тұрақты дамуға тәсілдеміз, 9 б. Этикалық менеджмент жүйесі, 17-19 б.	
	G4-HR7	Жүзеге асыратын қызметпен байланысты адам құқықтарының аспектілеріне қатысты саясаттар мен рәсімдерге оқытылған қауіпсіздік қызметі қызметкерлерінің үлесі	Этикалық менеджмент жүйесі , 17-19 б. Алаяқтық және сыбайлас жемқорлық фактілерінің алдын алу, 17-19 б.	
Инвестициялар	G4- MTM		Тұрақты дамуға тәсілдеміз, 9 б. Этикалық менеджмент жүйесі, 17-19 б. Еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы, 35-36 б.	
	G4-HR2	Оқытылған қызметкерлер үлесін қоса алғанда, ұйым қызметі үшін маңызды адам құқықтарының аспектілерімен байланысты	Еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы, 35-	

		саясаттарға қызметкерлерді оқытудың жалпы сағат саны	36 б.	
	G4-SO8	Экологиялық заңнаманы және нормативтік талаптарды сақтамағаны үшін салынған елеулі айпұлдардың ақашалай мәні және қаржылық емес санкциялардың жалпы саны		Есеп беру кезең ішінде Жылжымайтын мүлік қорында сондай оқиғалар орын алған жоқ.
ӘЛЕУМЕТТІК САНАТ: Қоғам				
Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл	G4- MTM		Тұрақты дамуға тәсілдеміз, 9 б. Этикалық менеджмент жүйесі, 17-19 б. Алаяқтық және сыбайлас жемқорлық фактілерінің алдын алу, 17-19 б.	
	G4-SO4	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-әрекет саясаттары мен әдістері туралы ақпараттандыру және оларды оқу	Алаяқтық және сыбайлас жемқорлық фактілерінің алдын алу, 17-19 б.	
Талаптарға сәйкестік	G4- MTM		Тұрақты дамуға тәсілдеміз, 9 б. Этикалық менеджмент жүйесі, 17-19 б. Әлеуметтік	

			жауапкершілік, 37-38 б.	
	G4-SO8	Заңнаманы және нормативтік талаптарды сақтамағаны үшін салынған елеулі айпұлдардың ақашалай мәні және қаржылық емес санкциялардың жалпы саны		Есеп беру кезең ішінде Жылжымайтын мүлік қорында сондай оқиғалар орын алған жоқ.
ӘЛЕУМЕТТІК САНАТ: Өнімге жауапкершілік				
Тұтынушының денсаулығы және қауіпсіздігі	G4-MTM		Тұрақты дамуға тәсілдеміз, 9 б. Этикалық менеджмент жүйесі, 17-19 б. Әлеуметтік жауапкершілік, 37-38 б.	
	G4-PR2	Өнім мен қызметтердің денсаулық пен қауіпсіздікке әсер етуіне қатысты нормативтік талаптарға және ерікті кодекстерге сәйкес келмеген жағдайлардың жалпы саны		Есеп беру кезең ішінде Жылжымайтын мүлік қорында сондай оқиғалар орын алған жоқ.
Талаптарға сәйкестік	G4- MTM		Тұрақты дамуға тәсілдеміз, 9 б. Этикалық менеджмент жүйесі, 17-19 б. Әлеуметтік	

			жауапкершілік, 37-38 б.	
	G4-PR9	Өнімдер мен қызметтерді ұсынуға және пайдалануға қатысты заңнаманы және нормативтік талаптарды сақтамағаны үшін салынған елеулі айпұлдардың ақшалай сомасы	Әлеуметтік жауапкершілік, 37-38 б.	
Маркетингтік коммуникациялар	G4- MTM		Тұрақты дамуға тәсілдеміз, 9 б. Алаяқтық және сыбайлас жемқорлық фактілерінің алдын ал, 17-19 б. Мүдделі тараптармен өзара әрекеттесу, 13 б. Әлеуметтік жауапкершілік, 37-38 б.	
	G4-PR7	Жарнаманы, өнімді тарату және демеушілікті қоса алғанда, салдарлар түрлері бойынша бөлінген маркетингтік коммуникацияларға қатысты нормативтік талаптарға және ерікті кодекстерге сәйкес келмеген жағдайлардың жалпы саны		Есеп беру кезең ішінде Жылжымайтын мүлік қорында сондай оқиғалар орын алған жоқ.
Тұтынушының жеке өміріне	G4- MTM		Тұрақты дамуға тәсілдеміз, 9 б.	

қол сұқпаушылық			Әлеуметтік жауапкершілік, 37-38 б.	
	G4-PR8	Тұтынушының жеке өміріне қол сұқпаушылықты бұзу және тұтынушылар туралы деректерді жоғалту туралы негізделген шағымдардың жалпы саны		2016 жылы тұтынушылар туралы деректердің жайылып кету, ұрлану немесе жоғалу оқиғалары анықталған жоқ.